

ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРҒЫ ЖӘНЕ ОРТА АРНАУЛЫ
БІЛІМДЕНДІРУ МИНИСТРЛІГІ

БЕРДАҚ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҚАЛПАҚ МЕМЛЕКЕТТІК
УНИВЕРСИТЕТІ
ҚАРАҚАЛПАҚ ФИЛОЛОГИЯСЫ ФАКУЛЬТЕТІ

Факультет деканы:

_____ Тұрдыбаев Қ.
« _____ » _____ 2013ж.

5120100 -филология және тілдерді оқыту (Қазақ филологиясы)
бакалавр бағдарының 4-курс студенті **Ешмаханов Наурызалының**
«Қазақ және қарақалпақ тілдеріндегі септеуліктер мен
жалғаулықтар»
тақырыбындағы

БІТІРУ МАМАНДЫҚ ЖҰМЫСЫ

Қорғауға рұқсат берілді

Түркі филологиясы

кафедрасының меңгерушісі

_____ Г. Адилова

« _____ » _____ 2013ж.

Ғылыми жетекшісі:

_____ проф.М.Құдайбергенов

НӨКІС-2013 жыл

Мемлекеттік аттестация комиссиясының

ҚАУЛЫСЫ:

5220100- филология және тілдерді оқыту (Қазақ филологиясы)
бакалавр бағдарын бітірушісі **Ешмаханов Наурызалының**
**«Қазақ және қарақалпақ тілдеріндегі септеуліктер мен жалғау-
лықтар»** тақырыбындағы бітіру-мамандық жұмысына

« _____ » балл қойылсын

МАК бастығы: _____

МАК орынбасары: _____

МАК мүшелері:

Хаткер:

Жоспары:

Қазақ және қарақалпақ тілдеріндегі септеуліктер мен жалғаулықтар

1. Кіріспе

- а) Тақырып жайында түсінік
- ә) Тақырыптың зерттелуі
- б) Жұмыстың мақсаты

2. Негізгі бөлім

I бөлім.

- а) Қазақ тіліндегі шылаулар
- ә) Қарақалпақ тіліндегі көмекші сөздер
- б) Екі тілдегі көмекші сөздер арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтар.

II бөлім

- а) Қазақ тіліндегі септеуліктер мен жалғаулықтар
- ә) Қарақалпақ тіліндегі септеуліктер мен жалғаулықтар
- б) Екі тілдегі септеуліктер мен жалғаулықтар арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтар

III. Қорытынды

IV. Пайдаланылған әдебиеттер

Кіріспе

Септеулік шылаулар деп септік жалғауларының мағынасын аша түсетін, толықтыратын, түрлендіретін шылаудың түріне айтылады. Септеулік шылаулар-белгілі септік сөзге ғана тіркесетін шылаудың түрі. Бұл осы шылаулардың категориясымен тығыз байланысын білдіреді.¹ Мысалы, *Ержан сол бүйірге қарай қизаштап кетті (Т.А.). Көппен бірге көңілдірек болар (Т.А.).*

Септеулік шылаулар белгілі септік тұлғадағы толық мағыналы сөздермен тіркесіп келіп, оған қосымша (мезгілдік, мекендік, шектік, себептік, мақсаттық т.б.) мән үстеп тұрады да, оны екінші сөзбен сабақтастыра (бағындыра) байланыстырады. Бұл тұрғыдан келгенде септеулік шылаулар септік жалғауларының білдіретін мағынасы мен атқаратын қызметіне ұқсайды. Септеулік шылаулар мыналар: *үшін, сайын, туралы, арқылы, жайлы, тәрізді, дейін, шейін, таман, бері, бұрын, бірге, соң, кейін* т.б. Олар **септеуліктер** деп те аталады.

Септеулік шылаулар сөйлемде екі түрлі қызмет атқарады, *біріншісі*-түбір я белгілі септік (барыс, шығыс, көмектес) тұлғадағы зат есім, есімдік я заттанған сөздермен (сын есім, есімше, тұйық етістік т.б.) тіркесіп келіп, оларды екінші сөзге сабақтастыра байланыстырады. Сөйтіп барып, мезгілдік, мекендік, амалдық, себептік, мақсаттық қатынастағы сөз тіркесін тудыруға дәнекер болады. Мысалы, *Мейрам әлдекімге телефон арқылы әмір етті (Ғ.М.). Басқалар бізден үлгі алсын деп жиналыс сайын қанша қақсадым (Ә.Ә.). Жұмыстан кейін жалғыз ғана жан тыныс-осы (Ғ.М.).*

Екіншісі-септеулік шылаудың біразы бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы құрамында келеді де, сабақтас құрмаластың бағыныңқы сыңары мен басыңқы сөйлемді мезгілдік, мақсаттық, себептік қатынаста байланыстырып тұрады. Мысалы, *Қорғана жүрерлік күнәсі болмаған соң, кеудесін жоғары ұстап келе жатыр (Ғ.М.). Жел қатайған сайын, лебі мұздаған сайын,*

¹ Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. Алматы. 200?, 351-бет.

зымыраған поезд көрдей қараңғы түнге сүңгіген сайын, вагон үстіндегілер бір-біріне жабыса түсті (С.М.).

Септеуліктер мынадай тұлғадағы сөздердің шылауында айтылады:

1. Түбір (кейде көптік, тәуелдік) тұлғадағы зат есім, есімдік, тұйық етістік, есімшемен тіркесетін септеуліктер: *арқылы, жайында, үшін, сайын, тәрізді, сияқты* т.б.
2. Барыс септіктегі сөздермен тіркесетін септеуліктер: *дейін, шейін, таман, қарай, салым, жуық, тарта* т.б.
3. Шығыс септіктегі сөздермен тіркесетін септеуліктер: *кейін, соң, зәрі, бері, бұрын, әрі* т.б.
4. Көмектес септіктегі сөздермен тіркесетін септеуліктер: *қатар, қабат, бірге* т.б.

Септеулік шылаулардың мағынасы септік категориясының грамматикалық мағынасына үстеме грамматикалық мағына қосып, оны түрлендіреді. Септеулік шылаулардың мағынасы әр түрлі, олар түрлі септік жалғаулы сөзбен тіркеседі. Ал әр септіктің өз мағынасы бар, септіктер бір-бірінен тек тұлға ерекшелігі арқылы ажыратылып қоймай, мағына ерекшелігі арқылы да ажыратылады.

Әр септеулік шылаудың мағынасы белгілі септіктің мағынасына байланысты қалыптасқандықтан, септеулік шылаулар септіктерді таңдайды және септік тұлғалы сөзден басқа тұлғалы сөзбен тіркеспейді, қолданылмайды. Бұл септеулік шылаулардың септік категориясына қызмет ететінін, септік категориясымен тығыз байланысын дәлелдейді. Шылаулардың басқа түрлерінің грамматикалық категорияларының қатысы жоқ. Бұл тек қана септеулік шылаулардың ерекшелігі.

Септеуліктер өздері тіркесетін есімдерге, субстантивтенген өзге де атаушы сөздерге себептік, бағыттық, мақсаттық, көмектік, мезгілдік, қайталау, талғау, үдету, ұқсату сияқты әр қилы грамматикалық мағыналарды жамап

тыңғылықтандырып отырады.² Мысалы, *Жалт қарасам, Шұға үйіне қарай кетіп бара жатыр екен (Б.М.). Біздің шахталардың жайын Алматыға дейін жазып жүрген кім? (Ә.Ә.).*

Жалғаулықтар-дербес лексикалық мағыналары дерексізденген, бірақ өздеріне тән ерекше семантикалық мағыналары мен абстракт грамматикалық қызметтері бар шылау сөздер.³ Жалғаулықтардың мағыналары мен қызметтері де өмірмен байланысты алуан түрлі заттар мен құбылыстардың аралықтарындағы неше қилы қатынастардың негізінде туып қалыптасқанда, сол негізде сөйлеу тілінде жарыққа шығып, үнемі көрініп отырады.

Жалғаулықтар өзара тең бірыңғай сөздердің, бірыңғай сөз тіркестерінің және бірыңғай сөйлемдердің араларындағы әр қилы қатынастарды білдіреді. Жалғаулықтар ең кемі өзара тең екі сөзге не екі сөз тіркесіне бірдей қатысты болады. Мысалы, *Қыс пенен жаз, күн менен түн, тақ пенен жұп, жақсылық пен жамандық- болды сегіз (Абай).*

Жалғаулықтар салалас құрмалас сөйлемдердің құрамдарындағы жай сөйлемдерді де өзара байланыстырып, олардың арақатынастарын білдірудің қызметін атқарады. Мысалы, *Әліп әлсіреп көзін біраз жұмып жатты да, қайтадан ашты (С.Е.).*

Жалғаулық шылаулар-дербес лексикалық мағыналы сөздерді, сөйлемдерді бір-бірімен байланыстырып, оларға түрлі грамматикалық мағына қосатын тілдік бірліктер.⁴

Жалғаулықтардың қызметін, мағынасын зерттеп анықтау салалас сөйлемдердің структуралық-мағыналық типтерін толық тануға себеп болады.⁵

² Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі (морфология). Алматы, 1991, 371-бет.

³ Сонда. 363-бет.

⁴ Оралбай Н. Қазақ тілі морфологиясы. Алматы. 2007, 358-бет.

⁵ Рақыш Ә. Қазақ лингвистикасы және лингводидактика мәселелері. Алматы. 2006, 5-бет.

Тақырыптың зерттелуі

Қазақ тілінде шылаулар туралы *А. Байтұрсынов, Н.Сауранбаев, С.Аманжолов, М.Балақаев, А. Ысқақов, Р.Әміров, Ф.Кенжебаева т.б.* еңбектерінде қаралды. Бірақ шылаулар осы күнгі дейінгі еңбектерде таза морфологиялық жағынан зерттелінді де, ал бүкіл шылаулардың синтаксисі жеке қаралған емес.⁶ Шылаулар олардың синтаксисі туралы мәселе орыс тіл білімінің өзінде алғаш рет *М.Ломоносов, Л.Булаховский, И.Мещанинов, С. Абакумов* еңбектерінде бірен-саран сөздермен айтылғаны болмаса, бұрын ол тілдерде шылаулардағы синтаксис мәселесі еленбеді.

Жалпы морфологиялық талдауда шылаулардың атын атаумен ғана шектелсе, ал синтаксистік талдау барысында олар жеке алынбай, өзі қатысты сөздермен түйдекті түрде өзі қатысты сөздің синтаксистік қызметі мен байланысу формаларын айқындаса, енді бір топ шылаулар сөйлемді тиянақтауға, бір шылаулар сөйлемнің аясын кеңейтуге қатысады. Тіпті шылауларды сөйлемде жеке қарастырғаннан гөрі сөйлем аясында қарастырғанда қызметі ерекше айқындалатын сияқты. Шылаулар қаншалықты көмекші сөздер, яғни мағына жағынан әлсіреген сөздер делінгенімен, кейбір шылауларда қалай болса да мағыналық та қасиеттің ізі өз-өзінен байқалады. Оның үстіне шылаулар да тарихи құбылыс. Ол жөнінде, әсіресе, *Т. Қордабаев, Р.Әміров* еңбектерінің қызметі ерекше.⁷

Жалғаулықтар мағынасы жағынан топ-топқа бөлінеді де, әр топқа енген бірнеше жалғаулықтардың бәрі бірдей ерекшелігі жоқ сөздер болып шыға келеді.⁸

Мектеп грамматикаларында тілімізде көп жұмсалатын жалғаулықтардың тізімі беріліп, олардың мағынасындағы, атқаратын қызметіндегі ерекшеліктер көрсетіліп жүр. Жалғаулық сөздердің зерттелу дәрежесін проф. *Н.Сауранбаевтың* құрмалас сөйлемдерге арналған зерттеулері әдеуір

⁶ Иманалиева Ғ. Шылаулар синтаксисі туралы. Алматы. 1997, 3-бет.

⁷ Сонда. 4-бет.

⁸ Рақыш Ә. Қазақ лингвистикасы және лингводидактика мәселелері. Алматы. 2006, 6-бет.

көтеріп тастады. Өзінің «Жай сөйлемдердің өзара байланысуы туралы негізгі мәселелер», «Тағы да құрмалас сөйлемдер туралы» деген мақалалары мен «Қазақ тіліндегі құрмалас сөйлемдер жүйесі» деген монографиялық еңбегінде проф. Сауранбаев салалас сөйлемнің грамматикалық формаларын, құрмалас сөйлемдердің қалыптасып, даму тарихын зерттегенде, жалғаулықтарды қоса зерттейді.⁹ Бұл еңбектерде ол жалғаулықтарды мағынасына қарай топ-топқа бөледі, олардың құрмалас сөйлемдердің сыңарларын байланыстыруда атқаратын грамматикалық қызметін көрсетіп, жеке жалғаулық сөздердің этимологиясын, шығу тегін айтып береді. Проф.М.Балақаев морфологиялық құрылысына қарай жалғаулықтарды дара (және, бірақ), күрделі (және де, сонда да) деп екі топқа бөледі.¹⁰

«Грамматика алтайского языка» деген атақты ғылыми еңбектің авторлары бұл тілде жалғаулықтар жоқ, олардың қызметін етістіктердің формалары, сан есімдер, септеуліктер, демеуліктер атқарады деп кесіп айтады.

М. Терентьев өзінің «Грамматика турецкая, персидская, киргизская, узбекская» деген еңбегінің қазақ тіліне арналған бөлімінде: «Жалғаулықтар жоқ, сөздер қатар-қатар тізіледі», -деп жазған болатын.

«Қырғыз (қазақ) тілінде жалғаулықтар өте аз, олардың жұмсалуды бұл тілде мардымсыз: екі етістікті жалғастыру үшін «де» жұмсалады, «и»-дің қызметіндегі «**тағы**», «**егер**» парсы тілінен енген деген пікірді аса бір ұқыпты түркологтардың бірі П.М. Мелиоранский де «Краткая грамматика казак-киргизского языка» деген еңбегінде айтқан.

Шылау сөздер өздерінің мағынасы мен қызметі жағынан грамматикалық категорияға жуық болғанымен, олар сөз қатарына жатуға тиіс. Өйткені, *біріншіден*, шылаулар басқа сөздер сияқты дара тұлғаға ие. Сөйлем ішінде бөлек тұрады. *Екіншіден*, грамматикалық мағыналар да, басқа сөздер сияқты, дүниедегі құбылыстарды танудан туады. Шылау сөздер белгілі бір ұғымға ие. Ол ұғым-атаулы сөздер білдіретін ұғымнан абстрактылылау, дерексіз, де-

⁹ Аталған еңбекте. 7-бет.

¹⁰ Балақаев М. Қазіргі қазақ тілі. Алматы, 1954. 356-бет.

генмен, ол-адамның дүние тану, ойлау жұмысы негізінде туған ұғым.¹¹

Шылаулар *акад.В.Виноградов* айтқандай, сөздердің жалпылық, абстрактылы мағыналарды білдіретін қатарына жатады. «Олардың лексикалық мағынасы грамматикалық мағынаға тең. Бұлар-сөз бен морфеманың аралығындағы сөздер».¹² Осылай болғандықтан, шылауларды лексикалық-грамматикалық қатардағы сөз деп тануға болады. Шылаулардың дербес сөз табы болып қалыптасуына байланысты айтылған пікірлерге келсек, жалпы тіл білімі саласындағы көптеген лингвистикалық түсініктер тәрізді сөз табы туралы ұғым өзінің шығу төркінін көне антикалық дәуірден бастайды. Шылау сөз табы даму барысында көптеген ғасырлар бойғы тілдік процестерді басынан кешірген туынды тарихи категория. Олай дейтін себебіміз, қазіргі түркі тіліндегі кейбір шылау сөздердің құрамындағы аффикстер шығу тегі жағынан алғанда, сөздің түбірінен ажыратып алуға келмейтін дәрежеге жеткен де, түбірге сіңісіп, бір тұтас бөлінбейтін бөлшек болып келеді. Осындай түбір мен қосымшаның жымдасуынан, яғни транспозициялық тәсілдің нәтижесінде шылаулар қалыптасқан. Тарихи шығу төркіні жағынан алып қарағанда, шылау сөздердің бәрі дерлік атауыш сөздерден, демек, әуелдегі дербес мағыналы есімдерден, етістік формаларынан шыққан. Бұл процесс тілдің белгілі бір даму тарихында кейбір есім, етістік формаларынан бастапқы лексикалық мағыналары бірте-бірте қолданыста солғындап, әр алуан грамматикалық мағыналарға ие болуының нәтижесінде қалыптасады. Шылау сөздер тіл-тілде алуан түрлі грамматикалық мағыналарды білдірудің тәсілі ретінде қолданылады. Бұл оның басқа сөз таптарынан ерекшеленетін *басты қасиеті. Екінші бір қасиеті* көмекші сөздер қатарына шылау сөздерден басқа көмекші есім, көмекші етістік және бейтарап сөздер жатады. Бірақ солардың ішінен жалпы категориялық мағынаны иеленген лексемалар тек шылау сөздер ғана.

Тілді зерттеушілер шылау сөздердің түр-түрін жалғау, жұрнаққа салыс-

¹¹ Рақыш Ә. Қазақ лингвистикасы және лингводидактика мәселелері. Алматы, 2006. 9-бет.

¹² В.Виноградов. О формах слова. Изв.АН СССР, отд.лит. и языка. 33-бет.

тырғанда, олардың қызметін, ерекшелігін айқын көрсеткісі келеді.¹³ Шындығында, шылау сөздер мен жалғау, жұрнақтардың арасында үлкен айырма бар. Бұлар тіпті екі салада жатқан категориялар. Жалғау мен жұрнақ морфологиялық категорияның қатарына жатады. Олардың түр-түрі сөздердің шамалы бір тобына таңулы болады және солардың грамматикалық белгісі ретінде бірге жүреді. Шылау сөздердің басқа сөздермен тіркесу мүмкіншілігін шексіз деп қарауға болмайды. Бір шылау сөздің өзі зат есім, сын есім, етістік сөздерге бірдей тіркесе береді. Сонымен бірге кейбір шылаулар атау сөздерге олардың синтаксистік қызметін талғап тіркеседі. Осы ерекшеліктеріне байланысты шылаулар синтаксистік категориялар қатарында аталады. Мысалы, *Сол сырды таң атқаниша іздеді, бірақ таппады (Ғ.М.). Біресе ызасы, біресе күлкісі келеді (Ғ.М.).*

Сонымен тіліміздегі сөз қазынамызда бар біраз сөздер өзінің лексикалық мағынасынан гөрі грамматикалық мағынасынан басым болып сөз бен сөздің, сөйлем мен сөйлемнің арасындағы қатынасты білдіру және қосымша мағына үстеу үшін жұмсалады.

Жұмыстың мақсаты- қазақ және қарақалпақ тілдеріндегі септеуліктер мен жалғаулықтар, олардың түрлері мен қызметтері арасындағы айырмашылықтар мен ұқсастықтарды айқындау.

¹³ Рақыш Ә. Қазақ лингвистикасы және лингводидактика мәселелері. Алматы, 2006, 12-13-беттер.

I бөлім. Қазақ тіліндегі шылаулар

Шылаулар- сөз бен сөздің немесе сөйлем мен сөйлемнің араларын байланыстыру, құрастыру үшін қолданылатын, өздері тіркескен сөздерінің ұғымдарына әр қилы реңктер үстеп, оларға ортақтасып, тұлға жағынан тиянақталған, лексика-грамматикалық мағынасы бар сөздер.¹⁴ Шылаулардың бойындағы қалыптасқан негізгі қасиеті-грамматикалық мағыналар. Сол мағыналары олардың өзіне тән формалары арқылы өзіндік грамматикалық мағыналарын толық қамти алмайтын атаушы сөздерге жәрдемші дәнекер есебінде жұмсалады. Сондықтан да шылаулар өз алдына еке-дара қолданылмай, тиісті сөз тіркестерінің белгілі бір компоненті ретінде атаушы сөздердің жетегінде қолданылады.

Шылаулардың атаушы сөздермен тіркесу қабілеті бәрінде біркелкі емес. Өз бойында лексикалық мағынасының элементтерін молырақ сақтаған, азды-көпті семантикалық дербестігі бар шылаулар өздері тіркесетін атаушы сөздердің негізгі мағыналарына аз болса да өз үлесін қосып отырады. Ал өздерінің бастапқы лексикалық мағыналарынан тым алшақтап кетіп, семантикалық дербестігін мүлдем жоғалтып алған шылаулар өздері тіркесетін атаушы сөздердің тек формальдық-грамматикалық компоненттері ретінде ғана қолданылады. Мұндай шылаулар грамматикалық сипат жағынан аффикстерге бір табан жақын болады, бірақ олар атаушы сөздермен тіркескенде жеке сөздік бейнесін жоғалтпайды.

Тіліміздегі шылаулардың бәрінің атқаратын қызметтері де бірдей емес. Олардың бірқатары сөз бен сөздің арасындағы грамматикалық байланыстарды айқындау үшін қызмет етсе, бірсыпыра шылаулар сөз тіркестері мен сөйлемдердің арасындағы байланысты айқындау үшін дәнекер болады. Ал кейбіреулері жеке сөздер мен сөз тіркестерін немесе сөйлемдерді анықтау, толықтау үшін я қосымша реңк беру т.б. мақсаттар үшін қолданылады. Осындай грамматикалық сипаттарына қарай, шылаулар ішінара септеуліктер,

¹⁴ Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі (морфология). Алматы, 1991.362-бет.

жалғаулықтар және демеуліктер болып үш жікке бөлінеді.

Морфологиялық талдауда шылаулар тек аталумен шектелсе, синтаксистік талдау барысында өзі қатысты сөздің синтаксистік қызметі мен байланысу формаларын айқындайды. Бір топ шылаулар сөйлемді тиянақтауға, біреулері сөйлемнің аясын кеңейтуге қатысады.¹⁵

Шылау сөздер заттар, құбылыстар арасындағы қатынас туралы ұғымды білдіреді. Сондықтан бұларды ұғым білдіре алмайтын сөз, олардың мағынасы жоқ деп сөз қатарынан шығарып тастауға болмайды.¹⁶

Шылауларды сөз деп тануға дәлел болатын тағы бір жағдай бар. Шылаулар тілдің басқа лексикалық қорынан іргесін мүлде бөліп алып, оқшау шығып кеткен сөздер емес. Шылаулардың ішінде бірде атау сөздердің қатарына өтіп, бірде көмекші болып қызмет етіп еркін жүрген сөздер көп (*сондықтан, неге десең, соң, кейін*). Бұл сөздер кейде үстеу ретінде жеке жұмсалып, сөйлем мүшесі бола алады: *Сен кейін кел. Менің келмегенім де сондықтан.*

Шылаулар деп өзінің шыққан сөз табынан байланысын жоғалтқан, грамматикалық дамудың нәтижесінде лексикалық мағынасынан айрылып, грамматикалық мағынаға көшкен, түрлі грамматикалық қызмет атқаратын тілдік бірліктерге айтылады.¹⁷ Мысалы, *Жігіттің әдепсіздігі үшін қызарып кетті (М.Ә.). Аса қадірлес ағасы Абай оның алдынан шықпайды және ешкімге бетінен қақтырмайды (М.Ә.).*

Шылаулар байланыстыру, түрлі грамматикалық мағына қосу қызметін атқарады.

Шылаулар-грамматикалық мағынаны білдіруі жағынан, дыбыстық құрамы жағынан көмекші сөздердің ішінде қосымшаларға ең жақын тілдік бірліктер.

1. Бірсыпыра шылаулар қосымшалар сияқты дыбыстық вариантқа түр-

¹⁵ Иманалиева Ғ. Шылаулар синтаксисі туралы. Алматы, 1997. 4-бет.

¹⁶ Рақыш Ә. Қазақ лингвистикасы және лингводидактика мәселелері. Алматы, 2006. 10-бет.

¹⁷ Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. Алматы, 2007, 350-бет.

леніп қолданылады. Мысалы, *да, де, та, те; ма, ме, ба, бе, па, пе; құрлы, зұрлы, зұрлым; әйтсе де, әйткенмен, әйткенде; бірде, біресе; не, немесе; мен, бен, пен* т.б.

2. Шылаулардың біразы тіркесетін лексикалық мағыналы сөздің тұлғасын таңдайды. Яғни олардың бірсыпырасы тіркесетін сөзінің тұлғасын таңдап, белгілі грамматикалық категорияның көрсеткіштерімен ған қолданылып, сол категорияға қызмет етеді.

Шылаулардың бұл қасиеттері олардың көмекшілердің ішінде өте абстрактілі тілдік бірліктер екенін дәлелдейді. Демек, шылаулар сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді байланыстыратын, сөзге әртүрлі грамматикалық мағына қосатын, сөздің грамматикалық тұлғасын түрлендіретін көмекші сөздердің бір түрі. Шылаулар мағынасы мен сөзге тіркесу қабілетіне, атқаратын қызметіне байланысты үш түрге бөлінеді: 1) септеуліктер, 2) жалғаулықтар, 3) демеуліктер.¹⁸

Ә) Қарақалпақ тіліндегі көмекші сөздер

Қарақалпақ тіліндегі көмекші сөздер өзінің лексикалық мағынасынан айрылып көмекшілік қызметке көшкен сөз таптарының бір түрі. Көмекші сөздердің өзіне тән лексикалық мағыналары болмайды. Бірақ олар атқаратын қызметтеріне қарай абстракт грамматикалық мағыналарға ие болады.¹⁹

Грамматикалық табиғаты және қолдану өзгешелігі жағынан олардың кейбіреулері мағыналы сөздердің арасындағы әр түрлі мағыналық қатынастарды беру үшін қолданылса, кейбіреулері сөз бен сөзді, сөз топарларын, сондай-ақ, сөйлемдердің араларын байланыстыру үшін қызмет етеді. Ал, көмекші сөздердің басқа бір топары өзі тіркесіп келген сөзге, сөз тіркесіне, ал кейде бүкіл сөйлемге әр түрлі қосымша мағына беріп келеді.

Көмекші сөздер грамматикалық мағынасына және қызметіне қарай үшке бөлінеді: 1. Тиркеуішлер; 2. Дәнекерлер; 3. Жанапайлар.

¹⁸ Аталған еңбекте. 351-бет.

¹⁹ Хәзирги қарақалпақ әдебиі тилинің грамматикасы. Нөкис, 1994.327-бет.

Екі тілдегі көмекші сөздер арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтар

Шылаулар- сөз бен сөздің немесе сөйлем мен сөйлемнің араларын байланыстыру үшін қолданылатын, тұлға жағынан тиянақталған, лексика-грамматикалық мағынасы бар сөздер. Шылаулардың бойындағы қалыптасқан негізгі қасиеті-грамматикалық мағыналары олардың өзіне тән формалары арқылы өзіндік грамматикалық мағыналарын толық қамти алмайтын атаушы сөздерге жәрдемші дәнекер есебінде жұмсалады. Шылаулар өз алдына жеке-дара қолданылмай, тиісті сөз тіркестерінің белгілі бір компоненті ретінде атаушы сөздердің жетегінде қолданылады.

Өз бойында лексикалық мағынасының элементтерін сақтаған, азды-көпті семантикалық дербестігі бар шылаулар өздері тіркесетін атаушы сөздердің негізгі мағыналарына аз болса да үлесін қосып отырады. Ал өздерінің бастапқы лексикалық мағыналарынан тым алшақтап кетіп, семантикалық дербестігін мүлдем жоғалтып алған шылаулар өздері тіркесетін атаушы сөздердің тек формальдық-грамматикалық компоненттері ретінде ғана қолданылады.

Тіліміздегі шылаулардың бірқатары сөз бен сөздің арасындағы грамматикалық байланыстарды айқындау үшін қызмет етсе, бірсыпырасы сөз тіркестері мен сөйлемдердің арасындағы байланысты айқындау үшін дәнекер болады. Ал кейбіреулері жеке сөздер мен сөз тіркестерін немесе сөйлемдерді анықтау, толықтау үшін я қосымша реңк беру т.б. мақсаттар үшін қолданылады. Осындай грамматикалық сипаттарына қарай қазақ тіліндегі шылаулар үш жікке бөлінеді: *септеуліктер, жалғаулықтар және демеуліктер*.

Шылауларды сөз деп тануға дәлел болатын тағы бір жағдай- олардың ішінде бірде атау сөздердің қатарына өтіп, бірде көмекші болып қызмет етіп еркін жүрген сөздер көп (*сондықтан, неге десең, соң, кейін*). Бұл сөздер кейде үстеу ретінде жеке жұмсалып, сөйлем мүшесі бола алады: *Сен кейін кел. Менің келмегенім де сондықтан.*

Шылаулар деп өзінің шыққан сөз табынан байланысын жоғалтқан, грамматикалық дамудың нәтижесінде лексикалық мағынасынан айрылып, грамматикалық мағынаға көшкен, түрлі грамматикалық қызмет атқаратын тілдік бірліктерге айтылады.

Шылаулар байланыстыру, түрлі грамматикалық мағына қосу қызметін атқарады.

Бірсыпыра шылаулар қосымшалар сияқты дыбыстық вариантқа түрленіп қолданылса (*да, де, та, те; ма, ме, ба, бе, па, пе; құрлы, гұрлы, гұрлым; әйтсе де, әйткенмен, әйткенде; бірде, біресе; не, немесе; мен, бен, пен*), біразы тіркесетін лексикалық мағыналы сөздің тұлғасын таңдайды.

Шылаулардың бұл қасиеттері олардың көмекшілердің ішінде өте абстрактылы тілдік бірліктер екенін дәлелдейді. Қазақ тіліндегі шылаулар мағынасы мен сөзге тіркесу қабілетіне, атқаратын қызметіне байланысты үш түрге бөлінеді: 1) септеуліктер, 2) жалғаулықтар, 3) демеуліктер.

Қарақалпақ тіліндегі көмекші сөздер өзінің лексикалық мағынасынан айрылып көмекшілік қызметке көшкен сөз таптарының бір түрі. Олардың өзіне тән лексикалық мағыналары болмаса да, атқаратын қызметтеріне қарай абстракт грамматикалық мағыналарға ие болады.

Грамматикалық табиғаты және қолдану өзгешелігі жағынан олардың кейбіреулері мағыналы сөздердің арасындағы әр түрлі мағыналық қатынастарды беру үшін қолданылса, кейбіреулері сөз бен сөзді, сөз топтарын, сондай-ақ, сөйлемдердің араларын байланыстыру үшін қызмет етеді. Ал, басқа бір топары өзі тіркесіп келген сөзге, сөз тіркесіне, ал кей-де бүкіл сөйлемге әр түрлі қосымша мағына беріп келеді.

Қарақалпақ тіліндегі көмекші сөздер де грамматикалық мағынасына және қызметіне қарай үшке бөлінеді: 1. Тиркеуішлер; 2. Дәнекерлер; 3. Жанапайлар.

II тарау. Қазақ тіліндегі септеуліктер мен жалғаулықтар

Осы күнге дейінгі зерттеулерде шылаулар сөйлем мүшелерінде тек пысықтауыш сөйлем мүшелеріне ғана қатысты делініп, сол сөйлем мүшелерінің төңірегінде сөз етумен келеді. Проф. Т. Сайрамбаев шылаулардың барлық сөйлем мүшесіне де қатысын бірер сөзбен ғана сөз етсе²⁰, Қ.Қадашева сөйлем мүшелерінің теориялық мәселесіне арналған кандидаттық диссертациясында барлық сөйлем мүшелерінің жасалуында көмекші сөздердің, оның ішінде шылаулардың қатысын нақты дәлелдеп, олардың ондай кездегі ерекшеліктерін бірсыдырғы көрсетті.²¹ Дегенмен, шылаулар қаншалықты көмекші сөздер аталынып, өзінің лексикалық мағынасы жоқ сөздер делінгенімен, сөз бен сөзді байланыстыруда үлкен роль атқара келіп, өзінің де синтаксистік көрінісі барлығы нақты байқалады. Оны *дейін, шейін* шылауларының сөйлемдегі кейбір толықтауыштық, пысықтауыштық тұлғадағы сөздерді енді басқа сөйлем мүшелеріне ауыстыруынан және шылаулардың морфологиялық өзгерісінен, *үйге дейін* пысықтауышын енді үйге дейінгі жер сияқты анықтауышқа ауыстыруынан көруге болады. Мұның өзі шылауларда да морфологиялық өзгеріс болатындығын, соның нәтижесінде олар әрі есімді де, әрі етістікті де сөз тіркестерінде қатыстындығын, мұндай түйдекті тіркестердің синтаксистік қызметі өзгеріп отыратынын көруге болады. Ол әсіресе *қарай* шылауынан анық байқалады. *Қарай* шылауы мекендікті, кейде амал пысықтауыш қызметінде етістікті және құрама баяндауыштарға қатысты жұмсалуды тиіс. Мысалы, *Көрпеңе қарай көсіл* дегенде амал пысықтауышы қызметінде жұмсалған. Ал енді ондай шылау қатысты сөздер есімді баяндауыштарға да қатысты болып келе береді. Мұндай құбылыс көбіне тілдік үнемдеудің негізінде мақал-мәтелдерде жиі орын алған. Мысалы, *Еңбегіне қарай-өнбегі (мақал). Ермегіне қарай-құрмет, жасына қарай ізет (мақал-мәтел). Құдығына қарай-қауғасы, базарына қарай-саудасы (мақал)*. Осы сөйлемдердегі *қарай* шылауы барыс жалғаулы зат есімге түйдектеліп, есімді, оның ішінде көбіне зат есімді баяндауыштарға қатысты.

²⁰ Сайрамбаев Т. Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері. 1991, 35-бет.

²¹ Қадашева К. Сөйлем мүшелерінің жасалуындағы көмекші сөздер. АҚД. Алматы, 1993, 55-бет.

Егер алғашқы сөйлемдердегі *қарай* шылаулы сөздер етістіктермен байланысында оларға сұрау қою нақтылы болса, ал енді бұл сөйлемдерде ондай шылаулы зат есімдерге сұрау қою, оның қай сөйлем мүшесі болуы қиындық тудырып отырады. Мұның бәрі ондай шылаулы сөздердің баяндауыштық түрлерімен де байланысты. Осы сияқты сөйлем мүшесіне талдауда қиындықты *тұрмақ, сайын* шылауларынан да көруге болады. Мысалы, *Түлкі тұрмақ қасқырды да бір-ақ шайқайтын осы өлкенің әміршісі ой құсы ақырында жан сауғалауға мәжбүр болды (Ә.Ә.). Нысан сайын –береке (мақал).* Кейде *дейін* шылауының барыс жалғаулы зат есімімен түйдекті түрде жұмсалуда ойланатын жайттар баршылық. Мысалы, *Менің көзіме дейін әкеме ұқсатып айналып толғанып отырған әжем кент есіне түсіп кетті білем, көзінің жасын бір сығып алды (Шәкерім).* *Ол жайлы есіткенде Марияның құлағына дейін қызарып кетті (Шәкерім).*

Осы сияқты құбылыс кейде *кейін, шейін* шылауларында да бар, яғни бұл шылаулар қатысты сөздер де есімді баяндауыштармен байланысып келеді. Мысалы, *Төбелестен кейін жұдырық (мақал-мәтел).* *Алтыға дейін бала ерке, алпыстан кейін шал ерке (мақал-мәтел).* Бірақ ондай шылаулы сөздер *бәрі-бір қашан?* деген сұраққа жауап беріп, пысықтауыш қызметінде жұмсалған.

Септеуліктер деп объекті мен объектінің не предикаттың арасындағы түрлі грамматикалық қатынастарды білдіру үшін қолданылып, белгілі бір септік жалғауын меңгеріп тұратын көмекші сөздерді айтамыз.²² Мысалы, *Әйгерімнің үйіне қарай кетіп бара жатыр екен (Ә.Ә.). Сатай ылғи ас берген ауылда даяшы болу үшін туғандай еді (С.С).*

1. Атау септікті меңгеретін септеуліктер.

а) Үшін септеулігі негізінде атау септік формасындағы зат есімдермен, **-с (-ыс, -іс), -у** формалы қимыл атауларымен, **-мақ(-мек), -ған (-қан,-ген,-кен)** формалы есімшелермен тіркесіп жұмсалады да, оларға көбінесе себеп, мақсат, арнау мағыналарын жамайды. Ал **үшін** септеулігі негізінде **-у, -мақ (-мек, -**

²² Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі (морфология). Алматы, 1991,371-374-беттер.

бақ,-бек,-пақ,-пек) формалы сөздерге және **-мас (-мес,-бас,-бес..)** формалы болымсыз есімшелерге тіркескенде мақсаттық мағына береді. Мысалы, *Қазір тіпті қарап отырмас үшін ол-Абайдың тобылғы сапты қамшысына бүлдірге тағып отыр (М.Ә.).*

ә) **Сайын** септеулігі зат есімдермен, кейде мезгіл атауларымен және **-ған (-қан, -кен, -ген)** формалы есімшелермен тіркескенде, ол сөздерге даралау, сара-лау мағынасын үстейді немесе белгілі бір іс-әрекеттің дүркін қайталанып отыруын я үдей түсуін білдіретіндей қосымша мағына жамайды. Мысалы, *Басқалар бізден үлгі алсын деп жиналыс сайын қанша қақсадым (Ә.Ә.).*

б) **Сияқты** септеулігі сөйлемде зат есіммен, есімдікпен, қимыл атауларымен, тұйық етістікпен және **-ған (-қан,-ген,-кен), -тын (-тін)** формалы есімшелермен тіркесіп қолданылады да, негізінде ұқсату мағынасын білдіреді. Мысалы, *Украина жырлары да қазақ жырлары сияқты арнаулы әнмен ғана айтылады (С.М.).*

в) **Туралы** септеулігі көбінесе зат есіммен, есімдік және қимыл атаулымен тіркесте белгілі бір хабар, ой, пікір, зат я іс-әрекет жөнінде айтылатынын аңғартады. Осы туралы септеулігімен мағыналас *турасында, турасынан, жайында, жайынан, жайлы, жөнінде, жөнінен* деген шылаулар да бар. Мысалы, *Бауыржанның қаталдығы туралы сенімен ақылдасайын деп едім(С.М.).*

г) **Арқылы** септеулігі зат есіммен, есімдікпен және қимыл атауымен (тұйық етістіктерімен) тіркесіп, оларға «көмегімен», «жәрдемімен» деген сияқты қосымша мағына үстеп, бүтіндей тіркес белгілі бір баспалдақтық, сатылық ұғымдарын білдіреді. Мысалы, *Әуе труба арқылы келеді (Ғ.М.). Мейрам әлдекімге телефон арқылы әмір етті (Ғ.М.).*

ғ) **Бойы, бойымен** септеуліктері көбінесе мезгіл мәнді зат есімдермен, есімдіктермен және **-ған(-қан,-кен,-ген)** формалы есімшелермен тіркесіп қолданылады да, белгілі бір мерзімнің бас-аяғын қамтитындай мағынаны аңғартады. Мысалы, *Өмір бойы жұлық жалап, етік тіккен Жұмабай жүр (С.М.); Қартаң Каспий қалғыған бойымен Терекке көзін ашып үндемейді (Абай).*

д) **Шамалы, шақты, қаралы** септеуліктері негізінде сан есімдермен тіркесіп қолданылады да, санның негізгі ұғымына *жуық, тарта* деген сияқты мөлшерлік мағына үстейді. Мысалы, *Бізден басқа жиналған отыз шамалы кісі бар екен (С.М.). Әскерше киінген он шақты адам топтала қалды (Ғ.С.).*

е) **Ғұрлы, ғұрлым** септеулігі атау формадағы зат есімдермен, есімдіктермен, **-ған** формалы есімшелермен және субстантивтенген өзге де сөздермен тіркеседі де, оларды басқа бір сөзбен шендестіреді. Мысалы, *Жалын үйтіп жатсадағы сирағын шыбын шаққан ғұрлы оған болмады (А.Х.). Менің ұзатылуым жетім қыздың тойы ғұрлы болмағанына күлкім келеді (Ш.Х.).*

2. Барыс септікті меңгеретін септеуліктер.

а) **Шейін (дейін)** септеулігі зат есімге, көбінесе мезгілдік ұғымдардың атауларына, сан есімге, есімдікке және **-қан (-ған,-кен,-ген)** формалы есімшелерге тіркесіп, негізінде мезгілдің я мекеннің белгілі бір аралық шегін (қатынасын) білдіреді. Мысалы, *Жақып Рабиганы пәтеріне шейін шығарып салатын болды (Б.М.).*

ә) **Қарай, таман** септеуліктері барыс септіктегі зат есімге, соның ішінде мезгіл атауларына, көмекші есімдерге, есімдіктерге және үстеу сөздерге тіркесіп, белгілі бір мекендік бет алыс пен бағытты және мезгілдік орайды білдіреді. Мысалы, *Сәду кейіншектен топ арасынан үйіне қарай бет алды (С.Е.).*

б) Өз ара мағыналас **салым, тарта, жуық, таяу** сияқты септеулік шылаулар да өздері тіркескен негізгі (атаушы) сөздердің барыс септік формасында тұруын қажет етеді. Мысалы, *Күзге салым туған ауылды ойлады. (С.С.).*

3. Шығыс септікті меңгеретін септеуліктер.

а) **Гөрі** септеулігі зат есіммен, есімдікпен, кейде **-қан (-ған) -кен (-ген)** формалы есімшелермен тіркесе қолданылып, бір затты я құбылысты екінші бір затқа салыстырып, таңдау, талғау үшін жұмсалады. Мысалы, *Бұл ұрған сайын күмпие беретін борсық секілді, тілден гөрі таяқты сүйеді (Ә.Ә.); Алатау Динаға күйден гөрі күйшіні елестетеді (С.Б.).*

ә) **Бері** септеулігі негізінде мезгілдік шектің басталуына, кейде тұтас қам-

тылуына байланысты ұғымды білдіреді де, көбінесе мезгіл атауларына, есімдіктерге және - қан (-ған,-кен,-ген) формалы есімшелерге тіркесіп, уақыттың я мерзімнің басталу шегін аңғартады. Мысалы, *Кешеден бері жапалақтап жауған қар бүгін күн еңкейе басылды (З.Ш.). Бір жылдан бері Ұлболсын жөнді ойын-той көрген емес (Б.М.).*

б) Кейін септеулігі зат есімге, мезгіл атауларына, есімдіктерге, қимыл атауына **-ған (-қан...)** формалы есімшелерге тіркесіп, белгілі бір фактінің соңынан болатын мекендік я мезгілдік ұғымды білдіру үшін қызмет етеді және *соң, артынан* сөздерімен мағыналас болып келеді. Мысалы, *Жұмыстан кейін жалғыз ғана жан тыныс-осы (Ғ.М.).*

в) Соң септеулігі қолданылу ыңғайына қарай, бірде мезгілдік қатынасты білдірсе, бірде себептік мағынада қолданылады. Мысалы, *Жаңағы сөздер соң кейбіреулері қуанды (С.Е.).*

г) Бетер септеулігі белгілі бір әс-әрекеттің бұрын істелген іс-әрекеттен анағұрлым күшті болатынын білдіру үшін жұмсалады. Мысалы, *Гүлжан бойын одан бетер жиды (Х.Е.).*

4) Көмектес септікті меңгеретін септеуліктер-қатар, **бірге** шылаулары өз ара мағыналас септеуліктер. Олар белгілі бір әс-әрекеттің басқа бір әрекетпен қабаттаса, жарыса жасалуын аңғартып, *қоса* деген сөзбен мәндес форма тудырады. Мысалы, *Барлық егіс көлемінде егіннің шығымдылығын арттырумен қатар, тың және тыңайған жерлерді игеру қажет деп тапты.*

Септік жалғауларының мағынасын ашатын, толықтыратын, түрлендіретін шылаудың түріне септеулік шылаулар деп атаймыз.²³ Септеулік шылаулардың мағынасы белгілі септіктің мағынасына байланысты қалыптасқандықтан белгілі септік сөзге ғана тіркеседі. Бұл осы шылаулардың категориясымен тығыз байланысын білдіреді. Мысалы, *Көппен бірге көңілдірек болар (Т.А.). Менің машинама жаңа түскен келіншек тәрізді (Ғ.М.).*

Септеулік шылаулары бар сөздер мыналар: *1.Атау септік. 2. Барыс*

²³ Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. Алматы, 2007, 351-356-беттер.

септік. 3. Шығыс септік. 4. Көмектес септік.

1. Тілде *атау септіктегі* сөз затты, қимылды, сапаны атап қана қоймай, оның мәнін ашу үшін түрлі әдістер қолданылады. Лексикалық жағынан атау септіктегі сөзді анықтауыштар сипаттайды. Мысалы, *Радио арқылы күнбе-күн байланысып тұру керек (F.M.)*. Септеулік шылаулар атау тұлғалы сөзге тіркескенде, сөздің мағынасын грамматикалық мағынамен толықтырып, түрлендіреді.

Атау септіктегі сөзбен тіркесетін шылаулар атау септіктегі түрлі сөз таптарының сөздерімен тіркесе береді. Мысалы, *Әсет үшін, бару үшін, жыл сайын, шыбын шаққан гұрлы т.б.*

1. Атау септіктегі сөзбен тіркесетін шылаулар өзі тіркескен сөзіне мынадай грамматикалық мағыналар қосады: 1) *қайталау, даралау мағынасы (сайын)*; 2) *ұқсату мағынасы (сияқты, сықылды, секілді)*; 3) *себеп мағынасы (үшін)*; 4) *мезгіл мағынасы (бойы, бойымен)*; 5) *ой-пікір, зат, іс-әрекеттік (туралы, турасында, жөнінде)*; 6) *болжал (шақты, шамалы, қаралы)*; 7) *шендестіру және менсінбеу, кем санау мағынасы (гұрлы, гұрлым)*.

2. Барыс септіктегі сөзбен тіркесіп қолданылатын сертеулік шылаулар: 1) *болжал мағынаны (қарай, таман, жақын, тарта, жуық, таяу. Алтыға қарай, ел-уге таман, мыңға жуық)*; 2) *бағыт, мекен мағынасын (таяу, жақын, қарай, дей-ін, таман. Елге таман, ауылға қарай)*; 3) *мезгіл мағынасын (қарай, таман, дейін, жуық, жақын. Қысқа қарай, күзге таман) білдіреді.*

3. Шығыс септік жалғаулы сөзбен тіркесетін септеулік шылаулар

1) *мезгіл мағынаны (бері, кейін, соң, бұрын. Егемендік алған соң, сайлау сағатына дейін)*; 2) *мекен, салыстыру мағыналарын (кейін, бері. Менен кейін отыр, ауылдан бері көш) білдіреді.*

4. Көмектес септік жалғаулы сөзбен тіркесетін септеулік шылаулар (қатар, бірге) қимылдың бірнеше субъектіге қатысты екенін білдіреді. Мысалы, *Әнмен қатар би де үйрендім (M.F)*. *Сенімен бірге барғым келіп тұр.*

Септеулік шылаулардың түрлі мағыналары олар тіркесетін септік жал-

ғаулардың мағыналарымен тікелей байланысты.

Жалғаулықтар өзі қатысты сөздермен түйдекті тіркес құрамай, өзінің жеке қолдануы жағынан ерекшелене келе, бірыңғай немесе тең дәрежедегі екі-үш сөйлемдерді біріктіруші дәнекер ретінде жұмсалатын шылаулардың ерекше бір тобы.²⁴ Жалғаулықтар қызметі жағынан жай сөйлемде де, құрмалас сөйлемде де өзара тең дәрежедегі сөздерді, сөйлемдерді байланыстыра келіп, сөйлемнің аясын кеңейтуші қызметін атқарады. Егер сөздер сөйлемде дара сөйлем мүшесі ретінде немесе жай сөйлемдер ғана болып даму процесі бір уақыттарда дәстүрлі әдіс болса, енді бірыңғай сөйлем мүшелері мен құрмалас сөйлемдердің пайда болуының нәтижесінде адам санасының күрделену процесін нақты көрсететін тілдік көрсеткіш-жалғаулықтар.

Жалғаулықтардың өзін проф. *Р.Әміров* алты топқа бөліп, оларды мағыналық жағынан ыңғайластық, қарсылықты, талғаулықты, себептік, салдарлық, шартты деп атайды. *А.Байтұрсынов, С. Аманжолов, Т.Қордабаев, Р.Әміров, Ф.Кенжебаева т.б.* ғалымдардың еңбектеріне шолу барысында бұларда тарихи өзгерістер бар екенін, тіпті кейбір жалғаулықтардың өзінде үнемі болып отыратын табиғи кеңею мен тарылу процестерін жан-жақты көруге болады.

Жалғаулықтар-дербес лексикалық мағыналары дерексізденген, бірақ өздеріне тән ерекше семантикалық мағыналары мен абстракт грамматикалық қызметтері бар шылау сөздер.²⁵ Жалғаулықтар өзара тең бірыңғай сөздердің, бірыңғай сөз тіркестерінің және бірыңғай сөйлемдердің араларындағы әр қилы қатынастарды білдіреді.

Қазіргі қазақ тіліндегі жалғаулықтардың табиғатына көз жіберсек, олардың жалпы даму жолы төмендегі бағытта болғанын бағдарлауға болады. *Біріншіден*, дербес мағыналы атаушы сөздер негізгі мағыналарынан айрылып, сөз бен сөзді, сөз тіркестерін немесе бірыңғай жай сөйлемдердің байланысу жолы мен арақатынасын білдіретіндей болып десемантикаланады. Мұны аңғару үшін «*әрі*» жалғаулығын алайық. Бұл сөз қазіргі тілімізде үстеу сөз екеніне ешкім

²⁴ Иманалиева Ф. Шылаулар синтаксисі туралы. Алматы, 1997, 77-бет.

²⁵ Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі (морфология). Алматы, 1991, 363-364-беттер.

шек келтірмейді. Мысалы, *Ақырған соң байғұстар әрі тұрды, Қалтасына қолын салып мойын бұрды (Абай)*. Бұл сөздің мекендік мағынасы, тілдің қажетіне қарай, өзінің негізгі қызметінің үстіне қосымша қызмет жүктеп алып, «*тағы*» деген тәрізді мағыналық реңге көшкен де, үстеу сөз ретінде қолданыла беруімен қатар, көмекші сөз-жалғаулықтар қатарына да ауысқан.

Екіншіден, кейбір жалғаулықтар белгілі бір түбір сөздерге қосылып қолданылатын әр қилы қосымшалармен үнемі жұмсала келіп, сол формаларда әбден тұрақталып, көнелену арқылы әрі тұлғасы өзгермейтіндей халге жетіп, әрі мағынасы солғындап делексикаланып, бірте-бірте жалғаулықтарға айналған. Мысалы, *дегенмен (де-ген-мен), болмаса (бол-ма-са), себебі (себен+i), сондықтан (сон-дық-тан)* секілді жалғаулықтар бастапқы **де, бол, себен, сол** деген түбірлерге көрсетілген қосымша формалардың дәйім қосылып айтылуы арқылы, яғни сол формаларда тұрақталуы арқылы қалыптасудан пайда болған.

Кейбір жалғаулықтар жеке сөздердің бірігуі немесе кірігуі арқылы да пайда болған. Мысалы, *бірақ (бір-ақ), біресе (бір-ерсе)*, жалғаулықтары әуелгі **бір** деген сан есімге **ақ** демеулік шылауы және осы күнгі **еді** көмекші етістігінің бастапқы ерсе формасының бірігіп қалыптасуы арқылы жасалған. Ал *өйткені (өйт-кен-i), өйткенмен (өйт-кен-мен), әйтпесе (әйт-пе-се)* деген жалғаулықтар әуелгі **олай** және **ет** деген сөздердің әрі тиісті фонетикалық өзгерістерге ұшырап ықшамдалып бірігуінен, әрі біріккен формаға **-кен+i, -кен+мен, -пе+се** қосымшаларының үстемеленіп тұрақталуынан қалыптасқан.

Кейбір жалғаулықтардың қазіргі мүсін-кескіндері өздерінің алғашқы формалары тиісті өзгеріске ұшырап, кейбір дыбыстарының түсіріліп айтылып, мүжіліп, қалыптасқандары байқалады. Мысалы, **та (те, да, де)** шылауы әуелгі тағы (*тағын*) формасынан, **мен** жалғаулығы *менен (әуелде бірлән)* формасынан ықшамдалып қалыптасқан.

Жалғаулықтар өзге тілдерден де ауысып келеді. Мысалы, **әм, әлде, я, яки, егер, яғни** сияқты жалғаулық шылаулар араб және иран тілдерінен ауысып келген болса, **күй** жалғаулығы орыс тілінен енген.

Кейбір жалғаулықтар аналитикалық тәсіл бойынша екі түрлі шылаудан құралып та жасалған. Мысалы, *олай, бірақ, өйтсе, әйтсе, сүйтсе* шылаулары да шылауымен тіркесіп, *олай да, бірақ та, өйтсе де, әйтсе де, сүйтсе де* тәрізді күрделі шылаулар қалыптасқан.

Морфологиялық құрылысы тұрғысынан алсақ, жалғаулық шылаулар *дара, күрделі* болып бөлінеді. Дара жалғаулықтар тобына лексикалық не синтетикалық жолмен жасалған әр қилы формадағы жеке сөздер жатады да, күрделі жалғаулықтар тобына сөз тіркестері арқылы жасалған күрделі сөздер жатады.

Жалғаулықтардың мағыналары мен функцияларын (қызметтерін) бір-бірінен бөліп қарауға болмайды. Өйткені олардың сөйлемде қолданылуына байланысты мағыналары әрбір жалғаулықтың функциялық қызметіне орай және соған сәйкес сараланып отырады. Сондықтан жалғаулықтарды өзара жіктегенде, түпкі тірек етіліп олардың функциялық қызметі негізге алынады. Жеке сөздер мен сөйлемдерді байланыстыру қабілеті жағынан, олар: *салаластырғыш және сабақтастырғыш жалғаулықтар* деген екі топқа бөлінеді.

а) Салаластырғыш жалғаулықтар бірыңғай жеке сөздер мен сөз тіркестерін және бірыңғай сөйлемдерді байланыстырады да, солардың өзара байланысу жолдары мен қатынастарын көрсетеді. Осындай байланысу жолдары мен қатынастарын көрсететін салаластырушы жалғаулықтар іштей ыңғайластық және талғаулықты болып екіге бөлінеді.

1. Ыңғайластық жалғаулықтар өзара ыңғайласып құралатын, тең дәрежедегі сөздер мен сөз тіркестерін жалғастырады да, солардың ыңғайласқан қатынасын білдіреді. Жалғаулықтың бұл тобына **мен (бен, пен), жә-не, тағы, әрі, да (де,та,те)** әм шылаулары жатады.

а) Мен (бен, пен, менен, бенен, пенен) жалғаулығы негізінде бірыңғайласқан есім сөздерді, қимыл атауларын және кейбір субстантивтенген сөздерді бір-бірімен байланыстырады. Мысалы, *Көптен бері Абай бұндай намыс пен ыза, алдану мен қиянат, қимастық пен арлану, ұялып арланудың неше қырлы*

қысымын көрмегендей (М.Ә.).

ә) *Және* жалғаулығы да бір түрлі формадағы жалаң я күрделі зат есім, сын есім, есімдік, етістік сияқты атаушы сөздерді ыңғайластыра байланыстырады. Мысалы, *Сөзін оқы және ойла, тез үйреніп, тез жойма (Абай).*

Және жалғаулығы салалас құрмалас сөйлемдердің құрамындағы жеке сөйлемдерді де ыңғайластыра байланыстыра береді. Мысалы, *Жомарттың бүгін қоярлық ниеті жоқ еді және оның ниетіне қарай даяр көлік те болмайды (Ғ.М.).*

Және жалғаулығының қолданылу мақсатына қарай, кейбір сөздер қайталанып айтылғанда әрі жалғаулығымен мағыналас болып та қалатын реттері бар. Мысалы, *Таңғажайып бұл қалай хат, Мағынасы алыс, өзі жат. Сөзі орамды, әрі түрі жат және әдепті, және рас (Абай).*

Қазіргі қазақ тілінің нормасында *және* жалғаулығының *және де* боп қолданылу дағдысы да кездеседі. Мысалы, *Әрине, шахтада істеген жұмыстан ауыр жұмыс болмайды зой.... Және де қатері де көп, адамның денсаулығына да үлкен зиян (С.С.).*

б) Әрі жалғаулығы белгілі бір заттың я құбылыстың бойында болатын әр түрлі қасиеттер мен солардың әр алуан іс-әрекеттерін ыңғайластыра байланыстыру үшін жұмсалады. Ондайда ол қасиеттер мен іс-әрекеттерді білдіретін сөздер мен сөз тіркестері әрі шылауының қайталанып айтылуы арқылы тізбектеліп, байланыстырылып отырады.

Егер бірыңғай екі сөзді ыңғайластыра байланыстыратын **әрі** жалғаулығы бір-ақ рет қолданылатындай болса, **және** жалғаулығымен мағыналас болады. Мысалы, *Жерде қалың қар бар, күн ашық әрі шымтқыл аяз (Ж.Ж.).*

Егер **әрі** жалғаулығы, жалғасатын бірыңғай сөздердің әрқайсысының алдында қайталанып айтылатын болса, онда сол атауыш сөздер арқылы аталған ат, белгі, сапа, қасиетке я амал-әрекетке басқа назар аударылады, оларға ерекше мән беріледі. Осыған сәйкес, ондайда бір формадағы зат есім, сын есім және әртүрлі формадағы етістіктер ыңғайласа береді. Мысалы, *Оқытушы ауылда әрі*

оқытушы, әрі мәдениет жаршысы, әрі әлеуметтік әділеттіліктің, адамгершіліктің жаршысы болуға тиіс (С.К.).

Әрі жалғаулығы кейде салалас құрмалас сөйлемдердің құрамдарындағы жеке сөйлемдерді де ыңғайластыра байланыстыра алады. Мысалы, *Ақшаны созған қолды қайта итерді, әрі басын шайқады (М.Ә.); Қыранның көзі қырағы болады, әрі өзі алатын аңды алыстан сезеді (Қ.Ә.).*

в) Да, де, та, те шылаулары әрі жалғаулық, әрі демеулік есебінде қолданылады. Ол демеулік ретінде қолданылғанда, бір сөздің немесе бірыңғай мүшелердің әрқайсысының жетегінде болып, оларға күшейту, анықтау, тәптіштеу мағыналарын үстемелеп отырады. Ал **да** шылауы жалғаулық ретінде қолданылғанда, өзара бір-бірімен ыңғайласатын екі сөздің немесе сөз тіркестерінің, сондай-ақ, салалас я сабақтас құрмаластардың құрамдарындағы жеке сөйлемдердің байланысуына, жалғасуына дәнекер болып қызмет етеді.

Бірақ **да** жалғаулығының сөз бен сөзді байланыстыру функциясының аясы тым тар болса да, біркелкі формада тіркесетін бірыңғай атаушы (етістік, есім т.б.) сөздерді жалғастыру үшін қолданылады. Мысалы, *Сөйте тұрса да, қожайынның жүзіне ықтамай да именбей қарайды (Ғ.М.).*

Да жалғаулығы салалас құрмаластың құрамындағы жеке сөйлемдерді жалғастырғанда, оларды бірыңғайластырып, баяндауыштарын белгілі бір формаға түсіреді. Мысалы, Рахмет бір нәрсенің боларын сезді де, үндеместен орнынан тұрып жүре берді (С.Е.).

2) Талғаулы жалғаулықтар сөйлемде зат есім, сын есім, етістік және басқа атаушы сөздер арқылы жасалып, салаласа жалғасқан мүшелердің бірінен соң бірін талғап, я таңдап, я кезектестіріп, я біріне-бірін қарама-қарсы қойып айту үшін қолданылады. Жалғаулықтың бұл тобына *әлде, біресе, я, бірде, яки, не, немесе, болмаса, не болмаса, құй, мейлі* шылаулары жатады.

а) Әлде жалғаулығы негізінде талғау қызметін атқарумен қатар, ойға қатысты уақиғалар мен іс-әрекеттердің шындығына я көмескілігіне күмікілігіне күмән келтіру, күдіктену, күмілжу тәрізді рай-реңдерді де білдіреді. **Әлде** жал-

ғаулығы өзі қатысты сөзден бұрын (препозициялық қалыпта) қолданылады. Мысалы, *Үлкен қара мөлдір көзінде әлде еркелік, әлде наз, аса бір сыпайы ұяңдық бар (З.Қ.). Әлде* жалғаулығы салалас құрмаластардың құрамдарындағы жай сөйлемдер арасында қолданылғанда да, осы мағынаны білдіреді. Бірақ ондайда, *әлде жалғаулығы біріншіден*, құрмаластағы, екінші жай сөйлемнің алдында тұрады да, *екіншіден*, жалғасқан сөйлемдерге **ма (ме), ба (бе), па (пе)** сұраулық шылауы тіркесіп келеді. Мысалы, *Мезгілсіз жүрген жолаушыдан үрейленді ме, әлде таңырқады ма, қос адамдары далаға жүгіре шығып, үрпейісе қарасты (Ә.С.).*

а) Бірде, біресе жалғаулықтары өзара мағыналас шылаулар болғандарымен, олардың өзді өздеріне тән азды-көпті мағыналық ерекшеліктері бар. Бірақ қызметі жағынан екеуінде елеулі айырмашылық жоқ. Бұл екі шылау да өздері қатысты сөздердің алдында қолданылады да, олардағы аталатын уақиға, іс-әрекет, сан-сапа сияқтылардың алма кезектесіп отыратынын білдіреді. Мысалы, *Ол бірде биік, бірде аласа, бірде қатал, бірде жұмсақ мінезді, бірде шешен, бірде сараң сөзді еді (Ғ.М.). Күн біресе жарқылдап, біресе шартылдап үрей қалдырмады (Ғ.М.).*

б) Кейде жалғаулығы да **бірде, біресе** жалғаулықтары мағыналас. Бұл жалғаулық үнемі біркелкі формадағы сөздерге я сөйлемдерге тіркеседі де, олардың арасындағы мезгілдік қатынасты аңғартады. Мысалы, *Ол көбінесе қорғасын тәрізденсе, кейде қалайы, кейде күміс атып қалғандай болады (М.Ә.).*

в) Я, яки жалғаулықтары салаласа айтылған сөздер мен сөйлемдердің алдарында тұрып, олардағы ойларды я талғап, я салғастырып, кезектестіріп айту үшін жұмсалады. **Я, яки** жалғаулықтарына қатысты сөздер де үнемі белгілі бір бірыңғай формаларда қолданылады. Мысалы, *Иманы бар деуге беріктігі жоқ, я алдағанға, я азғырғанға, я пайдаланғанға қарап, ақты қара деп, я қараны ақ деп, я өтірікті шын деп ант ететұғын кісіні не дейміз (Абай).*

Я, яки жалғаулықтарымен мағыналас, қызметтес **не, немесе, болмаса, не болмаса** шылауларын бірінің орнына бірін алмастырып қолдана беруге бола-

ды: *Өздеріңді не ажал, не бейнет, түртіп келеді екен (С.С.). Не ғылым жоқ, немесе еңбек те жоқ. Ең болмаса кеттің зой мал баға алмай (Абай).*

Бірде, біресе, я, яки, не, немесе, болмаса жалғаулықтарының бәрі де контексте қолданылу ерекшелігіне қарай салалас құрмаластардың құрамдарындағы жеке сөйлемдердің арақатынастарын білдіру үшін де қолданылады. Мысалы, *Билік менің қолымда болса, бұл күйге я түсер едің, я түспес едің (Б.М.).*

г) Мейлі жалғаулығы қазіргі кезде дербес сөзден шылау сөзге айналған форма деуге болады. Рас, **мейлі** сөзі қазіргі кезде де кейде өз лексикалық мағынасында жұмсалып, соған сәйкес, формалық өзгерістерге ұшырап та қолданыла береді. Бірақ, солай бола тұрса да, бұл сөздің мағынасы бірте-бірте солғындап, абстракцияланудың нәтижесінде көмескілене келіп, ол тек немқұрайдылықты білдіретіндей ғана семантиканы бойына сақтап, функция жағынан талғаулық шылаудың қызметіне көшкен. Мысалы, *Мейлі жаз, мейлі күз, мейлі қыс. Салалы, сабақты гүліміз (М.Р.).*

ғ) Құй жалғаулығы немқұрайдылық мәнді білдіреді. Мысалы, *құй бай болсын, құй жарлы болсын, құй жас болсын, құй қарт болсын (Ер Тарғын); Арызымды айтайын, құй болар, құй болмас (Абай).*

ә) Сабақтастырғыш жалғаулықтар тек құрмалас сөйлемдердің құрамдарындағы жай сөйлемдерді бір-бірімен жалғастырып байланыстырып, солардың арақатысын анықтап көрсету үшін жұмсалады. Ондай қатынастар байланыстыра түскен сөйлемдердің мағыналары қарсылықты, себептік, салдарлық, шартты, айқындағыш, ұштастырғыш болып бөлінеді.²⁶

1) *Қарсылықты жалғаулықтар* негізінде бұрынғы сөйлемде айтылған ойға, соңғы сөйлемдегі ойдың мағына жағынан қарама-қарсы екенін аңғартуға дәнекер болып, *бірақ, алайда, әйтсе де, әйткенмен, сүйтсе де, сонда да, дегенмен, әйтпесе, әйткенде, әйтпегенде* сияқты қарсылық мәнді жалғаулықтар жатады. Мысалы, *Осы топты Абай көше ортасында ақырын тосып қалып еді; бірақ топ ішінен мұны байқап елеген бір адам да жоқ (М.Ә.). Өзі де білуге*

²⁶ Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі (морфология). Алматы, 1991, 369-бет.

тиіс, дегенмен сіз ескерте сал-ыңыз (З.Қ.).

2) *Себептік жалғаулықтар* салалас құрмалас сөйлемдердің құрамдарындағы соңғы жай сөйлем алдыңғы сөйлемдегі айтылатын ойдың себебін білдіру үшін арнаулы дәнекерлер есебінде қызмет етеді. Ондай себептік жалғаулықтардың қатарына **себебі, өйткені** шылаулары жатады. Мысалы, *Зина қол-өнершілер училищесіне түседі, себебі соғыс күндері қаладан-қалаға көшіп жүріп оқи алмаған (С.М.). Кешке қарсы көп қонақ атқа қонбақшы болып отыр, өйткені ертең Біржандар еліне қарай аттанбақ (М.Ә.).*

3) *Салдарлық жалғаулықтар* салалас құрмалас сөйлемдердің арақатынасын білдіру үшін, яғни басыңқы сөйлемде айтылатын іс-әрекеттің, амалдың нәтижесі я салдары екенін білдіретін есебінде жұмсалып, *сондықтан, сол себепті* шылаулары жатады. Мысалы, *Ербол бұл әннің үнін жақтырмаса да, сөзін ұнатты, сондықтан кейде Абай әніне қосылып та кетеді (М.Ә.).*

4) *Шарттық жалғаулықтар* сабақтас құрмалас сөйлемдердің арақатынасын білдіру үшін, яғни басыңқы және бағыныңқы сөйлемдердің бір-бірімен жалғасуларына дәнекер есебінде қолданылып, *егер, егер де, алда-жалда* шылаулары жатады. Мысалы, *Егер Айбол болмаса, Мүсәпір үй болудан қалған болар еді (Ә.Ә.).*

5) *Айқындағыш жалғаулықтарға яғни, демек* шылаулары жатады. Олар я жеке сөздерді, я сөз тіркестерін, я жеке сөйлемдерді бір-бірімен жалғастырады да, алдыңғы сөз арқылы, я сөз тіркесі немесе сөйлем арқылы не баяндауға, не айқындауға, не анықтауға, не тәптіштеп қадағалай түсуге дәнекер сөздер есебінде қызмет етеді. Мысалы, *Мен Магниткаға өткен күзде, яғни Талғатбектен бір жыл кейіні келдім (Н.Ғ.). Диссертацияны ұнатқан екен-біз, демек, біз де бірдеңе ойлаған болармыз (М.И.).*

б) *Ұштастырғыш жалғаулықтарға ал, ендеше, ал ендеше, олай болса* шылаулары жатады. Мұндай жалғаулықтар мағына жағынан біріне-бірі орай қолданылатын екі жай сөйлемді ұштастырып байланыстыру үшін жұмсалады да, бірінші сөйлемнен кейін әлі екінші сөйлемде айтылатын ойды бастау үшін

дәнекер ретінде қызмет етеді.

а) **Ал** жалғаулығы арқылы өзара орайлас ұштасқан жай сөйлемдердің ой желісінде қаншалықты берік байланыс болғанымен, олар негізінде мағына жағынан әр басқа болып отырады. Мысалы, *Сөйледің сен де аямай. Ал Жамбылдан сөз шығар, Асылдан ұшқан қылаудай (Жамбыл).*

ә) **Ендеше** жалғаулығы біріне-бірі орайластырыла айтылған жай сөйлемдерді ұштастырады да, бірінші сөйлемдегі ойды екінші сөйлемдегі ой тұжырымдап қорытынды ретінде жинақтауға дәнекер болумен қатар, екінші сөйлемдегі ойға бастама сөз іспетті де жұмсалады. Осы себептен де *ендеше* жалғаулығы әрқашан, олай болса деген сөз тіркесімен мағыналас та, қызметі жөнінен онымен пара-пар түсіп те отырады. Мысалы, *Мал дүниенің шын иесі осы кісі. Ендеше бәріміз де әжемнің төрелігіне тоқтайық (М.Ә.).*

б) **Ал ендеше** жалғаулығы да дәл осы мағынада қолданылып, осы қызметті атқарады.

Жалғаулық шылаулар- дербес лексикалық мағыналы сөздерді, сөйлемдерді бір-бірімен байланыстырып, оларға түрлі грамматикалық мағына қосатын тілдік бірліктер. Демек, жалғаулық шылаулардың грамматикалық мағыналары әр түрлі. Жалғаулық шылаулар мағынасы мен қызметіне қарай мына түрлерге бөлінеді:

1) Ыңғайластық жалғаулықтар; 2) Қарсылық жалғаулықтар; 3) Талғаулықты жалғаулықтар; 4) Себептік жалғаулықтар; 5) Салдарлық жалғаулықтар; 6) Шартты жалғаулықтар.²⁷

Ыңғайластық жалғаулықтардың ішінде өте жиі қолданылатын **мен** жалғаулығы зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, үстеу, заттанған сын есім, есімшеден болған бірыңғай мүшелерді байланыстырады. Мысалы, *Үміт пен Есет жайында ойластыру керек (М.Ә.). Білгенің мен әлің жеткенің тізгінді ұстаңдар (М.Ә.).*

Қарсылық жалғаулықтардың ішінде **онда да, сонда да** жалғаулықтары бір-

²⁷ Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. Алматы, 2007, 358-363-беттер.

інің орнына бірі қолданыла береді, бірақ ол екеуі кез келген қарсылықты жалғаулықты ауыстыра алмайды. Өйткені *онда да, сонда да* жалғаулықтары алғашқы сөйлемдегі ойды толықтыру, үстеме мән қосу үшін қолданылады. Ол, әрине, алғашқы ойға қарсылық емес. Мысалы, *Осы қауырт жұмыста Байжан Гүлнәрмен анда-санда бір-ақ кездесті, онда да кешқұрым ғана* (С.М.).

Қарсылықты шылаулардың (бірақ, алайда, әйтсе де, әйткенмен, онда да, болмаса, әйтпесе) ішінде *әйтпесе, әйтпегенде, болмаса* жалғаулықтары 1-сөйлемдегі іс-әрекет жасалмай қалғанда, жасалатын іс-әрекет реңкін білдіреді. Мысалы, *Шындық анықталып, Аман қалдым, әйтпесе университеттен шығаратын еді* (З.Ш.).

Ал шылауы қайшы мәндес сөйлемдерді байланыстырады. Мысалы, *Сен танымадың, қарағым, ал мен сені жақсы таныдым* (Ә.Т.).

Талғаулықты жалғаулықтар (я, яки, біресе, бірде, немесе, мейлі, болмаса, кейде) айтылатын ойдың бірі талғанып жасалатынын я жасалмайтынын, я кезектесіп жасалатынын білдіреді. Мысалы, *Балапан біресе жемге, біресе жан-жағына қарады* (З.Ш.).

Себептік жалғаулықтар (өйткені, себебі, неге десең) құрмалас сөйлемдер құрамындағы сөйлемдердің арасындағы себептік қатынасты білдіреді. Мысалы, *Мен үкімі әлдеқашан айтылған кісі едім, сіздің үкіміңізге орын қалмаған да болар* (Ә.Ә.).

Салдарлық жалғаулықтар (сондықтан, сол себепті, сол үшін, сонан соң) салалас құрмалас сөйлемнің жай сөйлемдеріндегі ойдың салдарлық қатысын білдіреді. Мысалы, *Оқушыны әрі қадағалап, әрі жетелеп отыратын еді, сол себепті оны оқушылар жақсы көретін* (С.К.).

Шарттық жалғаулықтар (егер, онда, алда-жалда, егер де) шартты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемнің шарт мәнін күшейту қызметін атқарады. Мысалы, *Егер бала оған түссе, тілімденген денесі лезде тұтасып қотыр болып кетеді* (С.М.).

Ә) Қарақалпақ тіліндегі септеуліктер мен жалғаулықтар

Септеуліктер (тиркеуішлер)- көмекші сөздердің қатарына кіретін өзіне тән өзгешелігі бар сөз таптарының бір түрі. Олар өздері тіркесіп келген сөздермен бірге мезгілдік, мекен, себептік, сындық, теңдік, салыстырулық, қарсылық және т.б. түрлі мағыналық қатынастарды білдіреді.²⁸ Септеуліктер атауыш немесе атауыштық қызметте қолданылатын сөздерден кейін келіп, олардың белгілі септік формасында тұруын талап етіп басқарып келсе, екінші жағынан сол өздері басқарып келген сөздерді басқа бір мағыналы сөздермен синтаксистік байланысқа түсіруде тілдің қажетті грамматикалық құралы болып қызмет етеді. Мұндай жағдайда көмекшілік қызметтегі септеулік сөз басқарушы сөз болып келеді, ал мағыналы сөз басқарылушы сөз сипатында қолданылады. Мәселен, *Жұмыс күн сайын қызды (Ж.А.). Майор Исаков столға жақын отыр (А.О.).* Егер сөйлем *сайын, жақын* септеуліктерінсіз қолданылса, онда 1-сөйлемнің мағынасы түсініксіз болады да, ал 2-сөйлемнің мағынасы айтылатын ой-пікірден әдеуір басқаша беріледі, яғни сөйлеу-шінің пікірі дәл берілмейді. Демек, келтірілген сөйлемдердегі *сайын, жақын* септеуліктері предметтік мағынадағы сөзбен әрекеттік мағынадағы сөздің арасындағы әр түрлі синтаксистік қатынастарды беру үшін қолданылған. Анығырақ айтқанда, **сайын, жақын** септеуліктері, *біріншіден*, өздерінен бұрын келген зат есім сөздердің алғашқысының атау септігінде (*күн*), соңғысының барыс септігінде (*столға*) келуін талап етіп, оларды басқарып келсе, *екіншіден*, сол өздері басқарып келген зат есім сөздерді басқа бір сөздерге немесе (*қызды*), (*отыр*) деген етістік сөздерге байланыстырып тұр. *Үшіншіден*, олар сол септік формасындағы зат есім сөздер арқылы берілуі тиіс болған мағыналық ерекшеліктері бір қанша дәл және анық етіп беруде үлкен маңызға ие. Сөйлемдерде *сайын, жақын* септеуліктері зат есім сөзбен етістік сөзді бір-бірімен байланыстыруда грамматикалық құрал сипатында қызмет атқарады және өздері тіркесіп келген сөздермен бірге бір мағынада қолданылады.

²⁸ Хәзирги қарақалпақ әдебий тилинің грамматикасы. Нөкис, 1994,327-328-беттер.

Септеуліктер тарихи шығысы жағынан мағыналы сөздер болып есептелсе, соңғы кездері өзінің алғашқы материалдық мағынасынан айрылып, әр түрлі грамматикалық мағыналарды беруші көмекші сөздерге айналып кеткен.²⁹ Сондықтан септеуліктердің кейбірі болмаса, басым көпшілігі дара өз алдына тұрғанда материалдық мағынаны білдіре алмайды. Ал, олардың лексикалық мағыналары атауыш немесе атауыштық қызметте қолданылатын сөздер мен тіркесіп келгенде ғана білдіріледі.³⁰ Мысалы, *Аққалаға қарай созылған гүзар жол менен машина зытқып қиятыр* (Н.Д.).

Бағы-хәрем, бақша хәм де тереклер,

Көзлерине шеңгел шелли көринди. (Бердақ).

Пәтиұасыз етер залым сөзиңди,

Заман маған зиндан киби көринди. (Бердақ).

Бірінші сөйлемдегі *менен*, екінші және үшінші сөйлемдегі *шелли*, *киби* септеуліктері өздігінен қандай да бір лексикалық мағына білдіре алмайды. Себебі бірінші сөйлемдегі *менен* септеулігі *жол* деген зат есім сөзді басқарып, сол сөз бен екеуі бірге бір мағына білдірсе (мекен мағынада қолданылса), ал екінші септеуліктер *шеңгел*, *зиндан* деген зат есім сөздерді басқарып, сол сөздермен бірге теңеу, салыстыру мағынасында қолданылып тұр.

Грамматикалық қызметі жағынан септеуліктер септік аффикстеріне бір қанша жақын келеді. Бірақ септеуліктер жеке тұрғанда лексикалық мағынаға ие болмаса да, өздерінің жеке сөз түрінде қолданылу мүмкіншілігінен бүтіндей айрылып, септік категориясының формалары сипатында аффикстік қызметке өтіп кетеді.³¹

Септеуліктер септік аффикстері арқылы білдірілетін мағыналарды анықтап келеді, сондай-ақ, септік аффикстеріне қарағанда да өзі тіркесіп келетін сөздің нәзік мағыналық ерекшеліктерін толықтыру үшін қызмет етеді және бір қанша дәл көрсетіп беру үшін қолданылады. Кейбір жағдайларда септік

²⁹ Шоабдурахманов Ш. Узбек тилида ердамчи сўзлар. Тошкент. 1953, 3-бет.

³⁰ Көрсетілген еңбекте, 3-4-беттер.

³¹ Баскаков Н.А. Очерк грамматики каракалпакского языка. – «Каракалпакско-русский словарь». М., 1958. с. 834.

аффикстері арқылы берілуге мүмкін болмаған синтаксистік қатынастарды да осы септеуліктер арқылы беруге болады.³²

Басқа түркі тілдеріндегідей-ақ, қарақалпақ тілінде де кейбір септеуліктер септік аффикстерінің қызметін атқарып келулері мүмкін. Мәселен, *хаққында, туұралы, жөнінде, ушын* септеуліктері табыс септігінің қызметін атқарып келеді: *Мен усылар жөнінде ойлаған едим (И.Ю.). Жийенмураттың тезлик пенен шай қайнатыўға асығып жүргени ушын қыйып кете алмады (Т.Қ.). Баслық колхоздың иси туұралы таныстырды (М.Д.).*

Бұл сөйлемдердегі *хаққында, жөнінде, ушын, туұралы* септеуліктерінің орнына табыс септігінің жалғауын қойып, *аўхалын, усыларды, ҳәр нәрсени, асығып жүргенин, исин* деп айтуға болады. Бірақ осылай айтқанда да жалпы сөйлемнің немесе формалары алмасып айтылған сөздердің мағынасына кемістік келмейді. Себебі мысалдардағы берілген екі жағдайда да тура объект қызметіндегі сөздердің тек формасына ғана өзгеріс кіргені болмаса, жалпы мағынасында ешқандай өзгеріс жоқ. Демек, бұл септеуліктердің табыс септігі жалғауларының қызметін атқара алатынын білдіреді.

Кейбір септеуліктер қызметтері жағынан бір-біріне жақын синоним болып келеді. Соның үшін де *жумыс хаққында (жөнінде, туұралы, жайында) үйге дейин (шекем, шейин) бұрын (илгери, алдын)* деп бірінің орнына екіншісін қойып беруге болады. Дегенмен олардың тілімізде қолданылу өрісін бірдей деп қарауға болмайды. Мәселен, олардың ішінде кейбіреулері өте жиі немесе өнімді қолданылса, ал кейбіреулерінің қолданылу мүмкіншілігі басқаларына қарағанда сирек немесе өнімсіз болады.

Септеуліктер негізінен, сөз түрлендіруші және сөз жасаушы аффикстерді қабыл етпейді. Себебі олар атауыш (зат есім, сын есім, есімдік), үстеулер мен етістіктердің түбіріне белгілі аффикстердің (септік, көсемше, есімше т.б.) жалғануы арқылы жасалып, көбінесе сол түрінде өзгертілместен қолданылады.³³

³² Кононов А.Н. Грамматика современного узбекского литературного языка. Изд-во АН СССР. М.-Л., 1960. с.296.

³³ Ҳазирки заман уйғур тили. II қисм.Морфология вә Синтаксис. Қазақ ССР. Ғ «Наука» нәшрияти. Алматы,1966,256-бет.

Септеуліктердің кейбіреулері **-ырақ/-ирек, -лаў/-леў,-ғы/-ги** сияқты аффикстерді қабылдауы мүмкін: *бурынғы, бурынырақ, бурынлаў, кейинги, соңғы, сонлаў, жақынырақ т.б.* Мысалы, *Нөкерлердің тағдыры хаққындағы ойласық жүдә көпке созылды (Т.Қ.). Бағдагүл менен урысқаннан кейинги ойлары тыным бермеді (Т.Қ.).*

Қарақалпақ тілінде септеуліктер шығысы жағынан үш топарға бөлініп қаралады: 1) Түпкиликли тиркеуішлер, 2) Атауыш тиркеуішлер, 3) Фейил тиркеуішлер.³⁴

1. *Түпкілікті септеуліктерге* өзінің лексикалық мағынасынан үзіл-кесіл айрылған септеуліктер кіреді: *ушын, дейин, шекем, сайын, киби, яңлы т.б.* Бұлардың мағынасы атауыш немесе атауыштық қызметте қолданылатын сөздермен тіркесіп келгенде ғана білінеді.

2. *Атауыш септеуліктер* тобына атауыш және үстеулерден септеулік қызмет еткен сөздер кіреді: *басқа, өзге, бурын, жақын, қарсы, кейин, соң т.б.*

Олар қазіргі қарақалпақ әдеби тілінде септеулік мағынада болумен бір қатар дара мағынасын сақтап қалған сөздер болып табылады. Сондықтан мұндай сөздер ретіне қарай көмекшілік мағынада да, дара мағынада да қолданылу мүмкіншілігіне ие.

3. *Етістік септеуліктерге* етістік мағынадан септеулік қызметке көшкен септеуліктер кіреді: *баслап, бойлап, жағалап, қарап, қарай, қарағанда, қармастан т.б.* Сөйлемдегі қолданылу ерекшелігіне қарай бұлар септеулік мағынада да, дара мағынада да келе береді.

Қарақалпақ тілінде септеуліктердің кейбіреулерінің атау септігіндегі, кейбіреулердің барыс, бір қатарларының табыс, ал басқа бір топтарының шығыс септігіндегі атауыш және атауыштық қызметте қолданылатын сөздермен тіркесіп, оларды басқарып келулеріне қарай олар 4 топқа бөлініп қаралады:

1. *Атау септігіндегі сөздерді кейбірі ілік септігіндегі есімдіктерді басқарып келетін септеуліктер;*

³⁴ Басқа туркий тиллерде де усылай берилген. Қараңыз: Кононов А.Н. Аты аталған мийнет. 237-бет; Һазирки заман уйғур тили. II қисм.Морфология вә Синтаксис. Қазақ ССР. Ғ «Наука» нәшрияти. Алмата,1966,256-бет.

2. Барыс септігіндегі сөздерді басқарып келетін септеуліктер;
3. Табыс септігіндегі сөздерді басқарып келетін септеуліктер;
4. Шығыс септігіндегі сөздерді басқарып келетін септеуліктер.

Атау септігіндегі (кейбірі ілік септігіндегі есімдіктер) септеуліктер

Септеуліктердің бір қатары атау септігіндегі атауыш немесе атауыштық қызметте қолданылатын сөздермен тіркесіп, оларды басқарып келеді. Олардың ең бастылары: *менен (пенен, бенен), хаққында, жөнінде, туұралы (турасында), жайында (жайлы), арқалы, ушын, сайын, бойы, бойынша, ки-би. Яңлы, сыяқлы, тәризли, тақылетте, құрлы, құрлым, құрақым, шелли, себ-епли, себептен, пишінде, гәлпінде, түрде, рәуиште, ретінде, сыпатында, қәддинде.*

Менен (пенен, бенен). Тюркологтардың пікірінше, *менен (пенен, бенен)* септеулігі тарихи шығысы жағынан *бирлен, бирлән* деген жинақтау формасындағы сандық сөзден келіп шыққан.³⁵ *Бирлен, бирлән* септеулігі кейбір түркі тілдерінде мәселен, қырғыз, қарақалпақ тілдерінде-**менен**, қазақ тілінде-**мен, бен, пен/** кейбір жағдайларда **менен, бенен, пенен** болып та қолданылады; ноғай тілінде-**ман, бан, пан**, өзбек тілінде-**билан**, татар тілінде-**белән**, шор тілінде-**пыла**, түрк тілінде-**иле, ла**, хакас тілінде-**нан**, горно-алтай тілінде -**ла** болып, әр түрлі фонетикалық варианттарға өзгерген.³⁶ Кейбір түркі тілдерінде, мәселен қазақ тілінде мен (менен) септеулігі септеулік жағдайдан жалғаулық қызметке өтіп, қазір көмектес септігінің жалғауы сипатында қолданылады.³⁷ Қазіргі қарақалпақ әдеби тілінде көбінесе менен (варианттары менен) септеулігі актив қолданылады, ал сөйлеу тілінде немесе диалектілерде *менен* септеулігінен басқа *билен/бирлен/бирлән* формалары да қолданылуы мүмкін.³⁸ *Билен* септеулігі көбінесе классик ақындардың шығармаларында кездеседі:

³⁵ Баскаков Н.А. Каракалпакский язык. II фонетика и морфология. ч. I. Изд-во Академий наук СССР. М., 1952, с.507; Дмитриев Н.К. Грамматика башкирского языка. Изд-во Академий наук СССР. М.-Л., 1948. с.121; Кононов А.Н. Аты аталған мийнети. 297-бет.

³⁶ Батманов И.А. Язык енисейских памятников древнетюркской письменности. Фрунзе, 1959. с.99.

³⁷ Ысқақов А. Қазирги қазақ тили. Морфология. Алматы, 1974, 66-бет.

³⁸ Баскаков Н.А. Көрсетілген мийнети, 507-бет.

Жер хәм ел билендур, ел хәм жер билен,
Жерсиз елдің күни дербе-дәр билен,
Өмири өтер жүректеги шер билен,
Қәдириң сениң бизге өтти Бозатаў. (Әжинияз).

Менен (пенен, бенен) септеулігі атау септігіндегі сөздерді басқарумен бірге ілік септігіндегі есімдіктерді де басқарып олармен бір мағынада қолданылады. Мысалы, *Сен мениң менен сөйлеспекшисең (Ө.А.). Келгели оның менен ушыраспадым (Қ.Д.).*

Менен (пенен, бенен) септеулігі өзінің тіркесіп және басқарып келетін сөздерімен бірге төмендегідей мағыналарды білдіреді:

1. Кеңістіктегі мекенді білдіреді. Мысалы, *Олар шелдің басы менен шертекке қарай жүрди (Н.Д.). Ол көшке жетемен деп зырра жаға менен бир сааттай жууырды (Қ.С.).*
2. Мезгіл мағынасына қатысты сөздермен тіркесіп келгенде, *уақыт мағынасын білдіреді.* Мысалы, *Бүгін ақшам менен жауын жауды (Ө.А.). Усылар не айтысар екен деп күни менен аңлып жүрген (Ө.А.).*
3. Себеп мағынасын білдіреді. Мысалы, *Кесениң қозғалыуы менен шай аз ғана толқыланып кетти (С.Х.). Гүлсимнің селк-селк күлкиси Темирбектің келиуи менен тыйылды (Т.Қ.).*
4. Менен септеулігі **-ған** формалы есімшемен бірге тіркесіп келіп, қарсылық мағынаны білдіреді. Мысалы, *Олар хәзир орынламаған менен алдағы уақытта орынлайды (Ө.А.).*
5. Іс-әрекеттің сынын білдіріп, қалай немесе қайтіп іске асуын, істелу тәсілін көрсетеді. Мысалы, *Жигиттің алақанына қатырып қойған кесесин қыз шеберлик пенен хеш кимге сездирмей алды (Б.). Айжанның келиуин Серкебай бираз таярлық пенен күткен еди (Т.Қ.).*
6. Бірлік және қарым-қатынастық мағыналарды білдіреді. Мысалы, *Артық бир күни еки жигит пенен Турдыгүлдің үйине келди (Ж.А.). Ана, балалар менен ойнап келейинши (Т.Ж.).*

7. Құрал және қатынас көліктері мағыналарын білдіреді. Мысалы, *Муздың үстинен автомобиль менен жетип келди (М.Д.). Оң қолы менен шалбардан шығып турған көйлегиниң етеги менен бетиниң терин сұртти (С.С.).*

8. Материалдық, предметтік мағыналарды білдіреді. Мысалы, *Нәзик қашылар таслар менен топырақлар менен толықтырылды (Ж.А.). Бос турған жайлар да ҳәр қыйлы паласлар нағыслы гилемлер менен безелген (Ж.Ш.).*

9. –**ыў** формалы әрекет аты етістігіне менен септеулігі тіркесіп келгенде, алғашқы әрекет баслануы мен соңғы әрекеттің де оның ізінше басталатынын білдіреді. Мысалы, *Майданға шығыў менен жеңдеги, шалғайдағы өрт те самал менен лаўлап кетти (Ж.А.).*

Ҳаққында, жөнинде, туўралы (туўрасында), жайында (жайлы) септеуліктері грамматикалық мағыналары жағынан өз-ара бір-біріне синоним болып келеді. Зерттелген материалдарға қарағанда тілімізде, әсіресе *хаққында, жөнинде, туўралы* септеуліктері жиі және өнімді қолданылады, ал *жайында* септеулігінің қолданылу шеңбері тарлау яғни жиі қолданылмайды.

Ҳаққында, жөнинде, туўралы (туўрасында), жайында (жайлы) септеуліктері өздерінің басқаратын сөздерімен бірге төмендегідей мағыналарды білдіреді:

1. Ис-әрекеттің кім, не жайында немесе жалпы бір нәрселер жөнинде екендігін білдіріп, объекттік қатынаста қолданылады. Мысалы, *Айхан әкеси туўралы күнде ойланатуғын еди (Т.Қ.). Жийемурат жыйналғанларға қарап өз өмири хаққында қысқаша сөйлей баслады (Т.Қ.).*

2. Себеп мағынасын білдіреді. Мысалы, *Биз жумыс жайлы Хожели станциясы тәрепине өттик (Т.Ж.). Мен де қалаға жумыс жайлы бараман (Ө.А.).*

*Арқалы (арқа+лы)*³⁹ септеулігі тілімізде көбінесе атауыш сөздерден, соның ішінде әсіресе зат есім, есімдіктерден және –**ыў** формалы етістіктерден кейін келіп, басқарып тұрады. Бұл септеулік өзінің басқаратын сөздерімен төмендегідей мағыналарды білдіреді:

³⁹ Баскаков Н.А. Көрсетілген мийнети. 510-бет; Кононов А.Н. Аты аталған мийнет, 302-бет; Шоабдурахманов Ш.Ш. Аты аталған мийнет, 8-бет.

1. Іс-әрекеттің қандай да бір предметтік мағынаны білдіретін объект арқылы іске асатынын білдіріп, объекттік қатынаста қолданылады. Мысалы, *Сен арқалы билмегенимизди билдик (Ә.Ө.). Әлбетте, машина менен келген сууды шланга арқалы қуыу керек еди (С.С.).*

2. Іс-әрекеттің өту орнын білдіреді: Мысалы, *Көкжар, қарақамыс, Аштархан, Сарытау, Мәскеу, Макарияға баратуғын кәрұан жоллар усы Коңырат арқалы өтеди екен (Н.Д.).*

3. Іс-әрекеттің сынын білдіреді: Мысалы, *Мен буган өзимнің жалғыз рет гана көринип кетиуім арқалы-ақ жақсы ересе аламан (Ә.Р.).*

Кейбір жағдайларда арқалы септеулігі менен септеулігінің және шығыс септік жалғауының синонимі сипатында қызмет атқарады. Мысалы, *Телефон арқалы сөйлестим // телефон менен сөйлестим// телефоннан сөйлестим.*

Ушын (*уш+ын* деген құрал септігінің аффиксі)⁴⁰ септеулігі атау септігіндегі сөздерден кейін келумен бірге, ілік септігіндегі есімдік сөздермен (сілтеу және жіктеу есімдіктерімен тіркесіп келеді, ал 3-жақтағы көпшедегі ілік септігіндегі жіктеу есімдігі үшін септеулікпен тіркесіп келмейді Мысалы, Олардың ушын деп айтылмайды). Тіркесіп, оларды басқарады және әртүрлі мағыналық қатынастарда қолданылады.

Ушын септеулігі ілік септігіндегі есімдік сөздерге тіркесіп келгенде, өзі байланысып келген сөзімен бірге көбінесе тілімізде арналу мағынасында қолданылады және ол мағына бірқанша күшейттіріліп беріледі. Мысалы, *Мен де сениң ушын бес-алты адам жыйнайын (Т.Қ.). Ол сизиң ушын бүгин Ташкенттен самолет пенен келди (Ж.С.).*

Атау септігіндегі сөздерді басқарып келетін **ушын** септеулігі өзінің тіркесіп келетін сөзімен бірге төмендегідей мағыналарды білдіреді:

1. Арналғандықты, объекттік мағынаны білдіреді. Бұл объекттік мағынаны білдіретін **ушын** септеулігі, көбінесе зат есім және есімдік сөздерден кейін келеді. *Ушын* септеулігі арналғандық мағынаны білдіріп келгенде, оны барыс

⁴⁰ Баскаков Н.А. Көрсетілген мийнети, 511-512-бетлер; Кононов А.Н. Көрсетілген мийнети, 302-бет.

септігінің жалғауымен алмастырып айтуға болады. Мысалы, *Мен Төрткүлде жүрип, усы шайды сиз ушын алдым (Т.Қ.). Мен ушын барлық жақсы жоллар басланар еди (Е.Ө.).*

2. Себеп мағынасын білдіреді. Бұл мағынаны білдіруде *ушын* септеулігі көбінесе *-ғаны, -гени, -қаны, -кени*, ал сирек *-ғанлығы* формаларын қабыл етіп келген сөздерден кейін келеді. Мысалы, *Оның жолындағы тосқынлықтарды жеңіуіне көмек көрсеткени ушын айтпақшы болды (Ө.Х.). Техник болғанлығы ушын оған қардар көп (Ж.Ш.).*

3. Мақсат мағынасын білдіреді. Бұл жағдайда *ушын* септеулігі көбінесе **-ыў** формалы етістікке тіркесіп келеді. Мысалы, *Жыға өзи ойлаған мақсетине жетиў ушын гүрести (Ж.А.). Шамуратты тракторшылық оқыўға жиберіў ушын таярлап жүр (Т.Қ.).*

*Сайын (сай+ын)*⁴¹ септеулігі бірқанша өнімді қолданылып, көбінесе атау септігінде атауыш сөздерге, соның ішінде әсіресе уақыт мағынасында қолданылатын зат есімдерге және *-ған, -ген* формалы есімшеге тіркесіп келеді. Мысалы, *Жыл сайын балық ишки көлден тереңге қашады (Ө.А.). Ол жақынлаған сайын Қумар да артқа бәсе берди (Е.Ө.).*

1. Мезгілдік мағынада қолданылғанда *сайын* септеулігі уақыттық мағынаға қатысты сөздермен тіркесіп келеді. Мысалы, *Жыл сайын балық аўлаў жобасын асырып орынлады (К.С.). Жумыс күн сайын қызды (Ж.А.).*

Сайын септеулігі жалпы уақыттық қатынасты білдірумен бірге, соған қосымша мынадай мағыналық ерекшеліктерді де білдіреді:⁴²

а) іс-әрекеттің ізбе-із, қайта-қайта немесе үздіксіз қайталанатындығын білдіреді. Мысалы, *Күн сайын емески самал еседи (Ө.А.). Жайларды жыл сайын оңлап турамыз (Х.С.).*

б) іс-әрекеттің дамуын немесе жалғасуын білдіргенде *сайын* септеулігі атау септігіндегі *-ған, ген* формалы есімшеге тіркесіп келеді. Мысалы, *Оқыған сайын басын шайқай берди (Ө.А.).*

⁴¹ Кононов А.Н. Аты аталған мийнети, 306-бет; Ҳозирги замон ўзбек тили. Тошкент, 1957, 497-бет.

⁴² Насыров Д.С. Қарақалпақ тилинде келбетлик фейил. Қарақалпақстан мәмлекет баспасы. Н, 1964, 8-бет.

2. Себеп мағынасын білдіргенде етістіктің мағынасы арқылы анығырақ білініп тұрады. Мысалы, *Жақынлаған сайын гүрилди қатты еситилди (Х.С.)*.

3. Іс-әрекеттің сынын білдіреді. Мысалы, *Бизлер үй сайын кирип шықтық.*

Кейбір жағдайларда шығыс септігіндегі сөздерден кейін келіп, өзі тіркесіп келген сөзбен бірге іс-әрекеттің күшейгендігін көрсетіп, сындық қатынаста қолданылады. Мысалы, *Ол гармошканы оннан сайын көтериңки ойнады (А.О.). Жүректегі мухаббаттың жалыны оннан сайын лаулап кетти өзгеріп (Ж.Т.)*.

Бойы (бойлы) септеулігі көбінесе атау септігіндегі атауыштарды, соның ішінде, әсіресе зат есімдерді және *-ған* формалы есімшелерді басқарып келеді. *Бойы (бойлы)* септеулігінің басқарып келетін сөзімен бірге төмендегідей мағыналарды білдіреді:

1. Мезгілдік мағынаны білдіргенде көбінесе уақыттық мағынаны білдіретін зат есімдердің және *-ған* формалы есімшелердің ізіне тіркеседі. Мысалы, *Қуяш арқан бойы көтерілген еди (Т.Қ.). Жасыл, сары гүлдер жаз бойы салбырап өседі (А.О.)*.

Бойы (бойлы) септеулігі жалпы уақыттық қатынасты білдірумен бірге қосымша төмендегідей мағыналарды да білдіреді:

а) көрсетілген уақыт ішінде жалғасатынын, созылатынын білдіреді. Мысалы, *Ақ бас толқынлардың арасында ағ салып, күни бойы мийнет иследи (К.С.). Хәр жерге от жағып түни бойы быған-жыған болды да жатты (К.М.)*.

б) Іс-әрекеттің сол уақытта болғандығын көрсетеді: *Ол жатқан бойы уйықлап қалды. Басын көрпеден көтерген бойы әйнекке қарады (А.О.)*.

в) іс-әрекеттің уақыттық мөлшерін білдіреді: *Саятхан менен Айқыз жормалларын алып шыққанда, күн арқан бойы көтерілген еди (А.Б.)*.

2. Өлшеулік-мөлшерлік мағынаны білдіреді: *Қәдір сол зытқыудан дәрьяны жағалап бір шығанақ бойы қашты (К.С.). Оның бийклиги сәл кем еки терек бойы шығады (Ж.Ш.)*.

Бойынша септеулігі көбінесе атау септігіндегі зат есім және **-ыў** формалы етістіктермен тіркесіп келеді және төмендегідей мағыналарды білдіреді:

1. Іс-әрекеттің белгілі бір негізге, жоспар және тәртіпке сәйкес іске асқандығын білдіріп, сындық қатынаста қолданылады. Мысалы, *Адамлар Рәушанның көрсетуі бойынша тағы да иске киристи (Ж.А.)*.

2. Себеп мағынасын білдіреді. Мысалы, *Ол Гүлжанның силтеуі бойынша от жақты (Е.Ө.)*.

3. Объектілік қатынаста қолданылады. Мысалы, *Карта бойынша қаланы көз алдына елестетті (А.О.)*.

Киби, яңлы, сыяқлы, секилли, тәризли, тақылетте, қурлы, қурлым, қурақым, шелли септеуліктері атау септігінде сөздерді басқарып, өздерінің тіркесіп келетін сөздерімен көбінесе салыстырулық, теңеулік, ал кейде мөлшерлік мағынаны білдіреді. Мысалы, *Желкесине түйген шаштың үстіндегі иймек тарағы шаш сыяқлы жалтылдап тур (Т.Қ.)*. *Өзин өлип баратырған тақылетте сезді (К.С.)*.

Мағыналық жақтан *киби, яңлы, сыяқлы, секилли, тәризли, тақылетте, қурлы, қурақым, шелли* септеуліктерін *-дай-дей, -тай-тей* аффикстерімен ауыстырып та айтуға болады.

Себебли (себеп+ли), себептен (себеп +тен) септеуліктері атау септігіндегі атауыш сөздерді (көбінесе зат есім, есімдік сөздерді) және **-ған** формалы есімшелерді басқарып келеді. *Себебли, себептен* септеуліктері өздерінің тіркесіп келетін сөздерімен бірге себептік мағынада қолданылады. Мысалы, *Ол жарыста озғаны себебли республикада бириншиликте ийеледи. Усы сағыныш себебли ишкен асы бойына тарамайды (Ө.Қ.)*.

Түрде, түрінде, пишинде, қалпінде, рәуиште, ретінде, сыпатында, қаддинде септеуліктері атау септігіндегі сөздерді басқарып, өздерінің тіркесіп келетін сөздерімен бірде іс-әрекетті формалық және ұқсату мағынасында сипаттап келсе, бірде іс-әрекеттің қалай істелгенін білдіреді. Олар екі жағ-

дайда да негізінен сындық қатынаста қолданылады. Мысалы, *Жамал менен Ережеп орынларынан турып, салқын пишинде сәлемлестуи (К.С.). Атлардың биразы таныс болғанлықтан және өз қаддинде қатығын сапырыўды даўам етти (Т.Қ.).*

Барыс септігіндегі септеуліктер

Барыс септігіндегі сөздерді талап етіп, онымен бір мағыналық қатынаста жұмсалатын септеуліктер: *таман, жақын, жуўық, салым, бейим, дейин, шейин, шекем, қарсы, бола, қарағанда, қарамастан, қарап, қарай, сай, сәйкес.*

Таман септеулігі өнімді қолданылып, төмендегідей мағыналарды білдіреді:

1. Бағдарын немесе жақындасқан орнын білдіреді. Мысалы, *Журттың бири өз ақсақалына таман жақынлап барғысы келди (Ө.А.).*

2. Шамамен айтылған уақытты білдіреді. Мысалы, *Қонақлардың зерикпеуи ушын ауқат писерге таман еки қоңсысын шақырып келди (Т.Қ.). Гүрриңлесуидиң ақырына таман Палўан өзин еркин сезди (Ж.Ш.).*

Жақын септеулігі көбінесе төмендегідей мағыналарды білдіреді:

1. Белгілі бір предметтің қасына жақындасқан орнын білдіреді. Мысалы, *Шақалақтап күлген Сәўле столға жақын келип қалды (С.Х.). Палўан есиктиң алдына жақын келип, оларға сәлем берди (Ж.Ш.).*

2. Шамамен айтылған уақытты білдіреді. Мысалы, *Усылай бир саатқа жақын кем-кем төменлеп, аэродромға қонды (А.О.).*

3. Сан-мөлшерлік мағынаны білдіреді. Мысалы, *Ғашырдай үлкен ешекке бир арбаға жақын сексеуил жүкленген (Ж.Ш.).*

Жуық, салым, бейим септеуліктері уақыттық мағынаны білдіреді. Мысалы, *Балықшылар саат онға жуўық кеңсеге жыйналды (Ө.А.). Жазға салым дәрьяның питегене тазарақ суўы ақабаға ас-қатықтай араласқан соң, олар баяғы гүңкилдисин умытып кетеди (Ө.Қ.). Бүгин ол таңға бейим келеди (С.С.).*

Дейин, шейин, шекем септеуліктері бір-бірімен синоним ретінде қол-

данылып, төмендегідей мағыналарды білдіреді:

1. Аяқталу шегін білдіреді. Мысалы, *Қардың беті қораға дейін созылған (А.О.). Бала уйінен стадионға дейін жууырып барды (Ж.Ш.).*
2. Уақыттың шегін білдіреді. Мысалы, *Устазларым көп уақытқа дейін ауырып, соң сауылып кетті (Ж.Ш.).*
3. Мөлшерді білдіреді. Мысалы, *Машина жердің астын отыз метр тереңлікке дейін қазады (Т.Н.).*

Қарсы септеулігі төмендегі мағыналарды білдіреді:

1. Қарсылық мағынаны білдіреді. Мысалы, *Халық ушын өлімге қарсы шықтым (Ж.А.).*
2. Бет алыс бағдарды білдіреді. Мысалы, *Ержан шауып қиятырған баспашылардың алдына қарсы жүрді (Қ.Д.).*

Бола (бол+а) септеулігі себептік мағынада қолданылады. Мысалы, *Саған бола биринши автобустан қалдым.*

Қарағанда септеулігі көбінесе салыстырулық, болжаулық және сындық мағыналарды білдіреді. Мысалы, *Бурынғыларға қарағанда балық онша болмады (А.Б.).*

Қарамастан, қарамай септеуліктері қарсылық мағынаны білдіреді. Мысалы, *Сениң ким болуыңа қарамастан изиңе ерип жүре бермен.*

Қарап, қарай септеуліктері әр түрлі мағыналарда қолданылады:

1. Бару орнын білдіреді: *Майжапты жағалап арқаға қарап қайттым (Е.Ө.).*
2. Бағдарды, бағытты білдіреді: *Күн батысқа қарай ауған мәхәл еди (Ж.Ш.).*
3. Уақыттық мағынаны білдіреді: *Бәхәрге қарай жерге көк шөптер шыға баслайды (Х.С.).*
4. Сындық мағынаны білдіреді: *Ол делбе кисидей басының ауған жағына қарай жүрип қиятыр (К.С.).*

Сай, сәйкес септеуліктері көбінесе сындық, кейде атрибутивтік мағынаны да білдіреді: *Хәп заматта хәзирги заманға сай шәхәр бой тиклеген (Ә.Қ.).*

Табыс септігіндегі септеуліктер

Септеуліктердің кейбіреулері табыс септігіндегі сөздермен бір мағынада қолданылады. *Жағалап, бойлап* септеуліктері мекендік мағынада қолданылады: *Пароход кетип баратырған жаққа қарай жағысты жағалап жсуұырды (К.С.). Асфальт жолды бойлап еки ярым сааттай ұақыт жүрди (Ж.С.).*

Шығыс септігіндегі септеуліктер

Қарақалпақ тілінде шығыс септігіндегі сөздерді талап етіп, онымен бір мағыналық қатынаста жұмсалатын септеуліктер: *бери, берли, бермаған, бетер, баслап, бурын, илгери, алдын, кейин, соң, гөри, бөтен, тыс, аслам, артық.*

Бери, берли, бермаған (берман) септеуліктері көбінесе шығыс септігіндегі сөздермен бірге уақыттық мағынаға қосымша төмендегідей мағыналық ерекшеліктерді білдіреді:

1. **-ған** формалы есімшемен **-ғалы** формалы көсемшенің соңына тіркесіп басталу уақытын білдіреді: *Туұғаныңнан бери бундай гүнә сумлықты ислегенимди көргеним жоқ еди (А.П.). Аралдың суұы тартылғалы берли теңиз тәрептен ләззетли қоңыр самаллар орнына шаң-тозаңлы жағымсыз ызғырық жел еседи (Ә.Қ.).*

2. Жақын арадағы уақытты немесе көп жылдан бері жалғасып жатқан уақытты білдіреді: *Бир жылдан берли Ленинградта оқып атыр . Мен сени көп жылдан берли сынап жүрмен (Ө.А.).*

Бетер септеулігі күшейтушілік мағынада қолданылады: *Камал оннан бетер ашуланды (Қ.Д.). Печьти түндегиден бетер қыздырған (А.О.).*

Баслап (басла+n), бурын, илгери, алдын септеуліктері уақыттық мағынаны білдіреді: *Сол ұақыттан баслап маған мүнәсибети өзгерди (Т.Қ.). Урыстан илгери бир-еки рет излеп едим . Жамалды аразластырған ұақия буннан бир саат бурын болды (К.С.).*

Кейин, соң септеуліктері өз-ара синоним болып, өздерінің тіркесіп кел-

етін сөздерімен бірге әр түрлі мағыналарда қолданылады:

1. Уақыттық мағынаны білдіреді: *Үш-төрт күннен кейін құрылыс пүтті (А.Б.).*

а) бір предметтің әрекетінен кейін екінші бір предметтің әрекеті ізінше болатынын білдіреді: *Шайдан кейін Улмекен баласын ертіп далаға шығып кетті (А.Ә.).*

б) іс-әрекеттің белгілі бір уақыттан кейін болғандығын немесе болатынын білдіреді: *Перийза екі күннен соң көшеге шықты (Ө.А.). Біраз отырғаннан соң сорады (Т.Қ.).*

2. Себептік мағынаны білдіреді: *Ол құрдасын көргеннен соң сөйлесіп қалған шығар (Т.Қ.).*

Гөре (көр+е) септеулігі салыстыру мағынасында қолданылады: Айырым айланбалар пайда болған жерлер дәрьядан гөре көлге усайды (К.М.)

Басқа (бас+қа), өзге (өз+ге), бөтен септеуліктері негізінен ажыратушылық мағынаны білдіреді: Мениң саған рахметтен басқа айтарым жоқ. Кемеде өзнен бөтен жан жоқ (Х.С.).

Тыс, тысқары (тыс+қа+ры) септеуліктері екі түрлі мағынада қолданылады:

а) сындық мағынада: *Ыссылығы болмаған менен, қан тамырлары хәдден тыс соғып тур екен (Т.Қ.). Бул жумыслардың көпшилиги класстан тысқары исленеди.*

б) кеңістіктегі орын мағынасында: *Оқыўшылар қаладан тысқары шығып кетти.*

Аслам, артық, зыят септеуліктері сан-мөлшерлік және күшейтушілік мағыналарды білдіреді: Қараўында жүз мыңнан аслам халқы бар (К.М.). Хаялы хәр күни Мәтжанның қалталарын тинткилеп, үш-төрт онлықтан зыят ақшасы болса қағып алады (Ә.Қ.).

Қарақалпақ тіліндегі жалғаулықтар (дәнекерлер) да сөз бен сөздің, сөз таптарының, сондай-ақ, сөйлемнің бірыңғай мүшелерімен құрмалас сөйлемнің

құрамындағы жай сөйлемдердің араларын байланыстыру үшін қолданылады. Жалғаулықтар басқа көмекші сөздер сияқты шығысы жағынан мағыналы сөздер болған. Олар қазіргі уақытты өзінің алғашқы лексикалық мағынасынан айрылып, бірыңғай мүшелермен құрмалас сөйлемдегі жай сөйлемдердің арасындағы әр түрлі грамматикалық қатынастарды білдіруші көмекші сөздердің қатарына өткен. Ал, кейбіреулері әліге дейін әрі мағыналы сөз сипатында әрі жалғаулық сипатында қолданылады.

Кейбір жалғаулықтар шығысы жағынан араб және парсы тілдерінен кірген: *хәм, я, яки, егер* (парсы тілінен), *лекин* (араб тілінен) т.б. Бірақ олар қазіргі қарақалпақ әдеби тілінде кейбір фонетикалық өзгерістерге ұшырап түпкілікті өз сөзіндей болып қалыптасқан және актив қолданылады.

Қарақалпақ тілінде жалғаулықтардың түрлері, өзіне тән ерекшеліктері әліге дейін арнаулы түрде зерттелмеді.

Жалғаулықтар өздерінің қызметтері жағынан септеуліктерге және дем-еуліктерге де бірқанша ұқсас келеді. Олардың арасындағы ең басты ұқсастықтар: олар, *біріншіден*, шығысы жағынан мағыналы сөздерден келіп шыққан. *Екіншіден*, барлығы да көмекшілік қызметте қолданылады. Бірақ осындай жалпы ұқсастықтарына қарамастан, бір-бірінен өзіне тән белгілермен ажыратылып тұрады.

Жалғаулықтар морфологиялық құрылысы жағынан үшке бөлінеді: 1) дара дәнекерлер, 2) бириккен дәнекерлер хәм 3) құрамлы (составлы) дәнекерлер.

1. *Дара жалғаулықтар*, негізінен тек бір ғана сөзден немесе бір сыңардан (компоненттен) жасалады. Жалғаулықтардың бұл түрі күрделі бөлектерге бөлінбейтіндігімен ерекшеленіп тұрады: *я, ямаса, болмаса, хәм, және, да (де, та, те), егер ал, лекин, гә, себеби, нәтийже т.б.*

2. *Біріккен жалғаулықтарға бирақ (бир+ақ), өйткени(олай+еткени), бир-есе (бир+есе)* т.б. синтетикалық жолмен жасалған жалғаулықтар кіреді. Олар қазір бір сөздей болып қолданылса да, морфологиялық құрамы жағынан екі сөздің бірігуінен пайда болған.

3. *Күрделі (құрамлы) жалғаулықтарға* аналитикалық жолмен жасалған жалғаулықтар кіреді. Олар құрылысы жағынан ең кемі екі сөзден немесе екі сыңардан тұратын сөздерден түзіледі. Бұған жататын жалғаулықтар: *неге десең, сол себепли, сол үшін, соның үшін, соның арқасында, соның нәтижесінде, соның салдарынан т.б.*

Жалғаулықтар сөйлемдегі синтаксистік қызметіне қарай *дизбеклеуши* дәнекерлер (салаластырғыш жалғаулықтар) және *бағындырыушы* дәнекерлер (сабақтастырғыш жалғаулықтар) болып бөлінеді.

Салаластырғыш (дизбеклеуши) жалғаулықтар сөйлемнің бірыңғай мүшелерімен салалас құрмалас сөйлемдегі сыңарлардың араларын бір-бірімен тең дәрежеде байланыстырады және олардағы әр түрлі мағыналық қатынастарды білдіреді. Олар контексттегі білдіретін мағыналық ерекшеліктеріне қарай төрт топқа бөлінеді: 1. Бириктириуши дәнекерлер; 2. Қарсылас дәнекерлер; 3. Аұыспалы дәнекерлер; 4. Гезеклес дәнекерлер.

1. *Біріктіруші жалғаулықтар* негізінен жалғаулық қызметте екі немесе бірнеше бірыңғай мүшелердің араларын, сондай-ақ, салалас құрмалас сөйлемнің сыңарларын өзара байланыстыру үшін қолданылады және олардың арасындағы мағыналық байланыстың тең екендігін білдіреді. Бұл жалғаулыққа: *хәм, және, тағы, менен (бе-нен, пенен) да (де, та, те)*, көмекші сөздері кіреді.

Қарақалпақ тілінде біріктіруші жалғаулықтардың ішінде әсіресе **хәм** жалғаулығы өнімді, актив қолданылады.

Хәм, хәм де жалғаулықтары атауыштардан, етістіктерден және үстеулерден болған көбінесе екі сыңарлы бірыңғай мүшелерді байланыстыру үшін қызмет етеді. Мысалы, *Ол исине жүдә пухта хәм ақыллы (А.Ә.). Ол жолдаслары менен бираз ойласты хәм кеңесті (Ж.А.).*

Хәм жалғаулығы бірыңғай мүшелерді екеу-екеуден жұптастырып келіп те байланыстырады. Мысалы, *Балалар хәм қызлар, үлкенлери де хәм кишкентайлары да тап буйрық бойынша көшеге шығарғандай, хәммеси жабыла*

мектепке қарай жүріп кетип баратыр (Н.Н.).

Хәм жалғаулығы салалас құрмалас сөйлемнің құрамындағы жай сөйлемдердің араларын екі түрлі мағыналық қатынаста байланыстырады:

1. Бұл жалғаулықтар арқылы байланысқан салалас құрмалас сөйлемнің сыңарлары оқиғаның немесе іс-әрекеттің бір уақытта іске асқандығын білдіреді. Мысалы, *Төменгі көшенің балалары келди хәм олар менен Рушан да келди (М.К.).*

2. Бұл жалғаулықтар арқылы байланысқан салалас құрмалас сөйлемнің сыңарлары оқиғаның немесе іс-әрекеттің ізбе-із іске асатындығын білдіреді. Мысалы, *Ыссы сорпа тоқған баланың бойын тез жылытты хәм Садық өзинің тәндар бола баслағанын сезді (Қ.Д.).*

Және жалғаулығы егер үстеу сөз сипатында келсе, көбінесе етістік сөздермен мағыналық жақтан байланысып, пысықтауыштық қатынаста (сындық қатынаста) қолданылады және белгілі бір сұраққа жауап береді. Мысалы, *«Жеңісүмиз үшін гүресте» деген гәпти Сабыров ишинен және қайталап оқыды (К.С.).*

Ал, дәнекер сипатында келсе, белгілі бір сұраққа жауап бермейді. Ол бірыңғай мүшелердің және салалас құрмалас сөйлемдегі сыңарлардың араларын байланыстыру үшін қызмет етеді. Мысалы, *Ол... күн тимесин деп аймалап және әлпешлеп өсирген еди (Ө.Х.).*

Тағы, тағы да жалғаулықтары екі сыңарлы бірыңғай мүшелерді өзара бірбіріне байланыстыру үшін қызмет етеді. Мысалы, *Жумабай менен Жәмийла бул уақытта муздың үстине таў-таў балықты үйип тағы қалған нәрселерди қарап, урда-түс ис үстінде еди (К.С.).*

Бұл жалғаулықтар арқылы байланысқан салалас құрмалас сөйлемнің сыңарлары өз ара бір-бірімен екі түрлі мағыналық қатынаста байланысады:

а) бір уақыттық мағыналық қатынаста: *Бул ойды баслық та көрди, тағы жер өлшеуши де көрди (Ө.Х.).*

б) Избе-ізділік мағыналық қатынаста: *Мине жаңбырдың биринши там-*

шылары тама баслады, тағы да жаңбыр изли-изинен көбейип жауа баслады (Д.Ф.).

Менен (бенен, пенен) жалғаулықтары атауыштардан, субстантивтенген сын есім және есімшеден болған екі сыңарлы бірыңғай мүшелердің арасын және оларды жұптастырып та байланыстырып келеді. Мысалы, *Асқар менен Бақый Сапаргүлдің «Волгасына» минди (Ж.А.). Усы сөзден кейін Үсен сейіс пенен Ол тас гербиштен салынған кишкене шарбаққа шықты (Қ.Д.). Үйлер менен төлелердің, ылашықлар менен бастырмалардың есиклеринен бас шығарып, хәмменің қарауына мәжбүр еткен бул бәхәр қусы- Дмитрий Гладышев минген күйме еди (Т.Қ.).*

Да (де, та, та) жалғаулықтары бірыңғай мүшелермен қайталанып келу арқылы байланыстырғанда үстеме, күшейтушілік мағыналарды білдіреді. Мысалы, *Дәрья да, көл де жым-жырт (К.С.).*

Бұл жалғаулықтар арқылы байланысқан салалас құрмаластағы жай сөйлемдер төмендегідей мағыналық қатынастарды білдіреді:

1) оқиғаның немесе іс-әрекеттің бір уақытта істелгендігін білдіреді: *Күни менен көріп жүрген биреуім шығар деп, ол да үн қатпады, мен де сығалана қоймадым (Ш.С.).*

2) құрмалас сөйлемдегі жай сөйлемдер оқиғаның немесе іс-әрекеттің ізбе-із іске асқандығын көрсетеді: *Дәслеп шаң аралас дауыл турды да, соң қара дүттей түтигип булт мунарланды (Ш.С.).*

Қарсылас жалғаулықтар негізінен бірыңғай мүшелерді және салалас құрмалас сөйлемнің құрамындағы жай сөйлемдерді бір-біріне қарама-қарсы мағыналық қатынаста байланыстыру үшін қолданылады. Бұл жалғаулықтар қатарына: *бірақ, лекин, ал, сонда да, солай да, солай болса да, сөйтсе де, деген менен т.б.*

Қарсылас жалғаулықтар бірыңғай мүшелердің ішінде көбінесе бірыңғай баяндауыштардың арасын қарсылас мағынада байланыстырады: *Үй ийеси ушын бул хәрекетлер жүдә нақолай еди, лекин исленди (Т.Қ.).*

Қарақалпақ тілінде мағыналары қарама-қарсы болған екі жай сөйлемді қарсылық мағынада байланыстырып келуде **бірақ** жалғаулығы актив қолданылады.

Бірақ, лекин жалғаулықтары баяндауыштары әр түрлі формада болған (бір-інші жай сөйлемде болымды, ал екінші жай сөйлемде болымсыз түрде қолданылады) салалас құрмалас сөйлемдегі жай сөйлемдерді қарсылас мағынада байланыстырады. Мысалы, *Бұл гәп Аманлыққа қатты батты, бірақ мойын-лағанлық билдирип сөйлемеди (Т.Қ.).*

Сонда да, солай да, солай болса да, сөйтсе де, деген менен жалғаулықтары салалас құрмалас сөйлемдегі жай сөйлемдерді қарсы мағынада байланыстырады. Грамматикалық табиғаты, қолданылу ерекшелігі жағынан бұл жалғаулықтар көбінесе соңғы сыңардың басында келеді де, алғашқы сыңардан білінетін іс-әрекет немесе оқиғаға қарама-қарсы айтылады. Мысалы, *Барлық мәселеде өзінің хақ екенлигине исенди, солай бол-са да бул ушырасыў оның кеўлин қабартарлықтай из қалдырып кетти (Ш.Р.). Шәртнаманың хәр бир сөзи оның аўзынан әри салмақлы, әри айрықша мәнили болып еситилди, деген менен бала Ерназарға берилген ишки бақалар берилмеди (Т.Қ.).*

Ауыспалы жалғаулықтар қарақалпақ тілінде екі түрлі категорияны-бірыңғай мүшелердің және салалас құрмалас сөйлемнің сыңарларын бір-біріне ауыспалы мағынада байланыстырып келеді. Бұл жалғаулықтардың қатарына: *я, ямаса, яки, болмаса, я болмаса, яки болмаса, не, әлле, мейли* т.б. жатады. Мысалы, *Мүмкин, агасы я униси шығар (К.С.). Канал бес күн алдын болмаса бес күн кейин питкенде де зыяны жоқ (Ш.Р.).*

Не, әлле жалғаулықтары негізінен салалас құрмалас сөйлемдегі жай сөйлемдердің әр қайсысымен қайталанып келіп, оларды бір-бірімен ауыспалы мағынада байланыстырады: *Әлле биреў келеди деп ойлай ма, әлле сол жақ-тан бир сөз болады дей ме (Ө.Х.).*

Кезектес (гезеклес) жалғаулықтар әр түрлі бірыңғай мүшелерді және

салалас құрмалас сөйлемнің сыңарларын бір-біріне кезектестік мағынада байланыстыру үшін қолданылады: *ғә, ғәхи, гейде, базда, биресе, бирде, бир, әри т.б.*

Қарақалпақ тілінде кезектес жалғаулықтар көбінесе бірыңғай мүшелердің әрқайсысымен қайталанып қолданылу қабілетіне ие. Мысалы, *Сөйтип тұрып биресе күлким келеди, биресе ашыұланаман (Ш.С.). Гәде даналықлар, гәде шешиұи қыйын жумбақлар айтатұзын еди (Т.Қ.).жайлаұға шығып, шопанлардың әри алғысын, әри пулын, әри шашын алып кеткен менен шаштәрез де тахтынан таймайды (Ш.С.)*

Сабақтастырғыш (бағындырыұшы)жалғаулықтар негізінен құрмалас сөйлемнің құрамындағы жай сөйлемдерді бір-біріне бағындыру жолымен байланыстырып, бағыныңқы құрмалас сөйлем түзеді.

Құрмалас сөйлемдегі жай сөйлемдердің арасындағы әр түрлі мағыналық қатынастарды білдіріп келулеріне қарай, сабақтастырғыш жалғаулықтар үш топқа бөлінеді: 1. Себеп дәнекерлері. 2. Нәтиже дәнекерлері. 3. Шәрт дәнекерлері.

Себеп жалғаулықтарының қатарына *себеби, өйткени, неге десең* сияқты жалғаулықтар кіреді. Бұл жалғаулықтар екі жай сөйлемді мағыналық жақтан бір-біріне бағынышты негізде байланыстырады және себеп бағыныңқы құрмалас сөйлемнің жалғаулы түрін түзуде арнаулы грамматикалық құрал сипатында қызмет атқарады. Мысалы, *Жап қазып апара алмаймыз, себеп мойны узақ (Ө.Х.). Буның ушын сени айыплаұға болмай-ды, неге десең сен еле көп нәрселерди көргениң жоқ (Ш.Р.).*

Нәтиже жалғаулықтары қатарына *сонлықтан, сол себебли, сол ушын, соның ушын, соның нәтижесинде, соның салдарынан, соның ақыбетинде, соның арқасында* т.б.

Нәтиже бағыныңқылы құрмалас сөйлемде бағыныңқы сөйлем басыңқы сөйлемнен бұрын келеді. Байланыстырушы нәтиже жалғаулықтары бағыныңқы сөйлемнен кейін келетін басыңқы сөйлемнің басында қолданылуы

арқылы бағыныңқы сөйлемді басыңқы сөйлемге байланыстырып, басыңқы сөйлемнен білінетін іс-әрекеттің немесе оқиғаның нәтижесін білдіреді. Мысалы, *Әкемнің өзинен үлкен ағасы бийперзент екен, сол ушын анам мени қайынбийкесиниң етегине салыпты (Ө.Х.).Колхозшылар жұмысқа толық қатнаспайды, көбиси жұмысқа кеш шығады, соның салдарынан норма орынланбайды (А.Ә.).*

Шәрт жалғаулықтарына **егер, егер де** жалғаулықтары кіреді. Шәрт жалғаулықтары арқылы **(-са,-ғанда)** конструкциялы шарт бағыныңқылы құрмалас сөйлемнің сыңарлары бір-бірімен шарттық мағынада байланысады. *Егер, егер де* жалғаулықтары негізінен баяндауыштары **(-са)** формалы шартты рай-дан, **-ғанда** формалы есімшеден болған бағыныңқы сөйлемнің басында кел-еді де, оны басыңқы сөйлеммен шарттық мағынада байланыстыру үшін қол-данылады. Мысалы, *Егер усы отырған үшеуимиз үш дийқанды айтқаным-ызға көндирсек, олардың хәр бири ең кеминде бир-бирден дос табады (Т.Қ.). Егер де менде бир буұат жипек болғанда, мен арғы жағаға бирден-ақ өтер едим («Азия халықларының ертеклері»).*

Екі тілдегі септеуліктер мен жалғаулықтар арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтар

Қазақ тіліндегі шылаулардың барлық сөйлем мүшесіне қатысын бірер сөзбен ғана проф. Т. Сайрамбаев сөз етсе, Қ.Қадашева барлық сөйлем мүшелерінің жасалуында көмекші сөздердің, оның ішінде шылаулардың қатысын нақты дәлелдеп, ерекшеліктерін де көрсете білді. Шылаулар өзінің лексикалық мағынасы жоқ сөздер делінгенімен, сөз бен сөзді байланыстыруда үлкен роль атқаратыны байқалады.

Септеуліктер деп объекті мен объектінің не предикаттың арасындағы түрлі грамматикалық қатынастарды білдіру үшін қолданылып, белгілі бір септік жалғауын меңгеріп тұратын көмекші сөздерді айтамыз.

Қазақ тіліндегі септеулік шылаулары бар сөздер мыналар: 1. Атау септік. 2. Барыс септік. 3. Шығыс септік. 4. Көмектес септік.

Атау септікті меңгеретін үшін септеулігі көбінесе себеп, мақсат, арнау мағыналарын жамаса, **сайын** септеулігі сөздерге даралау, саралау мағынасын үс-тейді немесе белгілі бір іс-әрекеттің үдей түсуін білдіретіндей қосымша мағына жамайды. **Сияқты** септеулігі негізінде ұқсату мағынасын білдірсе, **тура-лы** септеулігі көбінесе белгілі бір хабар, ой, пікір, зат я іс-әрекет жөнінде айт-ылатынын аңғартады.

Арқылы септеулігі «көмегімен», «жәрдемімен» деген сияқты қосымша мағына үстеп, бүтіндей баспалдақтық, сатылық ұғымдарын білдірсе, **бойы, бо-йымен** септеуліктері белгілі бір мерзімнің бас-аяғын қамтитындай мағына береді. **Шамалы, шақты, қаралы** септеуліктері жуық, тарта деген сияқты мөл-шерлік мағына үстейді. **Ғұрлы, ғұрлым** септеулігі субстантивтенген сөздермен тіркеседі де, оларды басқа бір сөзбен шендестіреді.

Барыс септікті меңгеруші **шейін (дейін)** септеулігі мезгілдің я мекеннің белгілі бір аралық қатынасын білдірсе, **қарай, таман** септеуліктері

мекендік бет алыс пен бағытты, мезгілдік орайды білдіреді. Өз ара мағыналас **салым, тарта, жуық, таяу** сияқты септеулік шылаулар да өздері тіркескен негізгі сөздердің барыс септік формасында тұруын қажет етеді.

Шығыс септікті меңгеретін **гөрі** септеулігі бір затты я құбылысты екінші бір затқа салыстырып, таңдау, талғау үшін жұмсалады. **Бері** септеулігі мезгілдік уақыттың я мерзімнің басталу шегін аңғартады. **Кейін** септеулігі мекендік я мезгілдік ұғымды білдіру үшін қызмет етеді және *соң, артынан* сөздерімен мағыналас болып келеді. **Соң** септеулігі бірде мезгілдік қатынасты білдірсе, бірде себептік мағынада қолданылады. **Бетер** септеулігі белгілі бір әс-әрекеттің бұрын істелген іс-әрекеттен анағұрлым күшті болатынын білдіру үшін жұмсалады.

Көмектес септікті меңгеретін **қатар, бірге** шылаулары өз ара мағыналас болып, белгілі бір әс-әрекеттің басқа бір әрекетпен қабаттаса, жарыса жасалуын аңғартып, *қоса* деген сөзбен мәндес форма тудырады.

Септеулік шылаулардың мағынасы белгілі септіктің мағынасына байланысты қалыптасқандықтан белгілі септік сөзге ғана тіркеседі. Бұл осы шылаулардың категориясымен тығыз байланысын білдіреді.

1. Атау септіктегі сөзбен тіркесетін шылаулар өзі тіркескен сөзіне мынадай грамматикалық мағыналар қосады: 1) қайталау, даралау мағынасы (сайын); 2) ұқсату мағынасы (сияқты, сықылды, секілді); 3) себеп мағынасы (үшін); 4) мезгіл мағынасы (бойы, бойымен); 5) ой-пікір, зат, іс-әрекеттік (туралы, турасында, жөнінде); 6) болжал (шақты, шамалы, қаралы); 7) шендестіру және менсінбеу, кем санау мағынасы (ғұрлы, ғұрлым).

2. Барыс септіктегі сөзбен тіркесіп қолданылатын септеулік шылаулар: 1) болжал мағынаны (қарай, таман, жақын, тарта, жуық, таяу. Алтыға қарай, мыңға елуге таман, мыңға жуық); 2) бағыт, мекен мағынасын (таяу, жақын, қарай, дейін, таман. Елге таман, ауылға қарай); 3) мезгіл мағынасын (қарай, таман, дейін, жуық, жақын. Қысқа қарай, күзге таман) білдіреді.

3. Шығыс септік жалғаулы сөзбен тіркесетін септеулік шылаулар

1) мезгіл мағынаны (бері, кейін, соң, бұрын. Егемендік алған соң, сайлау сағатына дейін); 2) мекен, салыстыру мағыналарын (кейін, бері. Менен кейін отыр, ауылдан бері көш) білдіреді.

4. Көмектес септік жалғаулы сөзбен тіркесетін септеулік шылаулар (қатар, бірге) қимылдың бірнеше субъектіге қатысты екенін білдіреді.

Жалғаулықтар өзінің жеке қолдануы жағынан ерекшелене келе, бірыңғай немесе тең дәрежедегі екі-үш сөйлемдерді біріктіруші дәнекер ретінде жұмсалатын шылаулардың ерекше бір тобы. Жалғаулықтар қызметі жағынан жай сөйлемде де, құрмалас сөйлемде де өзара тең дәрежедегі сөздерді, сөйлемдерді байланыстыра келіп, сөйлемнің аясын кеңейтуші қызметін атқарады. Кейбір жалғаулықтардың өзінде үнемі болып отыратын табиғи кеңею мен тарылу процестерін жан-жақты көруге болады.

Жалғаулықтар өзара тең бірыңғай сөздердің, бірыңғай сөз тіркестерінің және бірыңғай сөйлемдердің араларындағы әр қилы қатынастарды білдіреді.

Қазіргі қазақ тіліндегі жалғаулықтардың жалпы даму жолында бірнеше бағыттар бар екендігі жоғарыда айтылып өтілді.

Жалғаулықтар өзге тілдерден де ауысып келеді. Мысалы, *әм, әлде, я, яки, егер, яғни* сияқты жалғаулық шылаулар араб және иран тілдерінен ауысып келген болса, *құй* жалғаулығы орыс тілінен енген.

Кейбір жалғаулықтар аналитикалық тәсіл бойынша екі түрлі шылаудан құралып та жасалған. Мысалы, *олай, бірақ, өйтсе, әйтсе, сүйтсе* шылаулары да шылауымен тіркесіп, *олай да, бірақ та, өйтсе де, әйтсе де, сүйтсе де* тәрізді күрделі шылаулар қалыптасқан.

Жалғаулықтардың мағыналары мен функцияларын (қызметтерін) бір-бірінен бөліп қарауға болмайды. Сондықтан жалғаулықтарды өзара жіктегенде, түпкі тірек етіліп олардың функциялық қызметі негізге алынады. Олар сөйлемдерді байланыстыру қабілеті жағынан салаластырғыш және сабақтастырғыш жалғаулықтар деген екі топқа бөлінеді.

Салаластырғыш жалғаулықтар бірыңғай жеке сөздер мен сөз тіркес-

терін және бірыңғай сөйлемдерді байланыстырады да, солардың өзара байланысу жолдары мен қатынастарын көрсетеді.

Сабақтастырғыш жалғаулықтар тек құрмалас сөйлемдердің құрамдарындағы жай сөйлемдерді бір-бірімен жалғастырып байланыстырып, солардың арақатысын анықтап көрсету үшін жұмсалады.

Жалғаулық шылаулар- дербес лексикалық мағыналы сөздерді, сөйлемдерді бір-бірімен байланыстырып, оларға түрлі грамматикалық мағына қосатын тілдік бірліктер. Қазақ тіліндегі жалғаулық шылаулар мағынасы мен қызметіне қарай мына түрлерге бөлінеді:

1) Ыңғайластық жалғаулықтар; 2) Қарсылық жалғаулықтар; 3) Талғаулықты жалғаулықтар; 4) Себептік жалғаулықтар; 5) Салдарлық жалғаулықтар; 6) Шартты жалғаулықтар.

Қарақалпақ тіліндегі септеуліктер (тиркеуішлер)- көмекші сөздердің қатарына кіретін өзіне тән өзгешелігі бар сөз таптарының бір түрі. Олар өздері тіркесіп келген сөздермен бірге мезгілдік, мекен, себептік, сындық, салыстырулық, қарсылық және т.б. түрлі мағыналық қатнастарды білдіреді. Септеуліктер атауыш немесе атауыштық қызметте қолданылатын сөздерден кейін келіп, олардың белгілі септік формасында тұруын талап етіп басқарып келсе, екінші жағынан сол өздері басқарып келген сөздерді басқа бір мағыналы сөздермен синтаксистік байланысқа түсіруде тілдің қажетті грамматикалық құралы болып қызмет етеді. Мұндай жағдайда көмекшілік қызметтегі септеулік сөз басқарушы сөз болып келеді, ал мағыналы сөз басқарылушы сөз сипатында қолданылады.

Септеуліктер тарихи шығысы жағынан мағыналы сөздер болып есептелсе, соңғы кездері өзінің алғашқы материалдық мағынасынан айрылып, әр түрлі грамматикалық мағыналарды беруші көмекші сөздерге айналып кеткен.

Грамматикалық қызметі жағынан септеуліктер септік аффикстеріне бір қанша жақын келеді. Бірақ септеуліктер жеке тұрғанда лексикалық мағынаға ие болмаса да, өздерінің жеке сөз түрінде қолданылу мүмкіншілігінен бүтіндей

айрылып, септік категориясының формалары сипатында аффикстік қызметке өтіп кетеді.

Басқа түркі тілдеріндегідей, қарақалпақ тілінде де кейбір септеуліктер септік аффикстерінің қызметін атқарып келулері мүмкін.

Септеуліктер негізінен, сөз түрлендіруші және сөз жасаушы аффикстерді қабыл етпейді. Себебі олар атауыш (зат есім, сын есім, есімдік), үстеулер мен етістіктердің түбіріне белгілі аффикстердің (септік, көсемше, есімше т.б.) жалғануы арқылы жасалып, көбінесе сол түрінде өзгертілместен қолданылады.

Қарақалпақ тілінде септеуліктер шығысы жағынан үш топтарға бөлініп қаралады: 1) Түпкиликли тиркеуішлер, 2) Атауыш тиркеуішлер, 3) Фейил тиркеуішлер.

Түпкілікті септеуліктерге өзінің лексикалық мағынасынан үзіл-кесіл айрылған септеуліктер кіреді: *ушын, дейин, шекем, сайын, киби, яңлы т.б.* Атауыш септеуліктер тобына атауыш және үстеулерден септеулік қызмет еткен сөздер кіреді: *басқа, өзге, бурын, жақын, қарсы, кейин, соң т.б.*

Етістік септеуліктерге етістік мағынадан септеулік қызметке көшкен септеуліктер кіреді: *баслап, бойлап, жағалап, қарап, қарай, қарағанда, қарамаспан т.б.* Сөйлемдегі қолданылу ерекшелігіне қарай бұлар септеулік мағынада да, дара мағынада да келе береді.

Қарақалпақ тілінде септеуліктер төрт топқа бөлініп қаралады:

1. Атау септігіндегі сөздерді кейбірі ілік септігіндегі есімдіктерді басқарып келетін септеуліктер;
2. Барыс септігіндегі сөздерді басқарып келетін септеуліктер;
3. Табыс септігіндегі сөздерді басқарып келетін септеуліктер;
4. Шығыс септігіндегі сөздерді басқарып келетін септеуліктер.

Атау септігіндегі (кейбірі ілік септігіндегі есімдіктер) септеуліктер атауыш немесе атауыштық қызметте қолданылатын сөздермен тіркесіп, оларды басқарып келеді. Олардың ең бастылары: *менен (пенен, бенен), хаққында, жөнинде, туұралы (турасында), жайында (жайлы), арқалы, ушын,*

сайын, бойы, бойынша, ки-би, яңлы, сыяқлы, тәризли, тақылетте, құрлы, құрлым, құрақым, шелли, себ-епли, себептен, пишинде, гәлпинде, түрде, рәуиште, ретинде, сыпатында, қәддинде.

Атау септігіндегі сөздерді басқарып келетін *ушын* септеулігі объекттік мағынамен қатар себеп, мақсат, мезгілдік мағыналарды білдірсе, *бойы (бойлы)* септеулігі көбінесе зат есімдерді басқарып келеді де мезгілдік, өлшеу-мөлшерлік мағынаны білдіреді. *Киби, яңлы, сыяқлы, секилли, тәризли, тақылетте, құрлы, құрлым, құрақым, шелли* септеуліктері көбінесе салыстырулық, кейде мөлшерлік мағынаны білдіреді.

Себепли, себептен септеуліктері себептік мағынада қолданылса, *түрде, түрінде, пишинде, қәлпинде, рәуиште, ретинде, сыпатында, қәддинде* септеуліктері бірде іс-әрекетті ұқсату мағынасында сипаттап келсе, бірде іс-әрекеттің қалай істелгенін білдіреді.

Барыс септігіндегі сөздерді талап етіп, онымен бір мағыналық қатынаста жұмсалатын септеуліктер: *таман, жақын, жууық, салым, бейим, дейин, шейин, шекем, қарсы, бола, қарағанда, қарамастан, қарап, қарай, сай, сәйкес.*

Таман және *жақын* септеуліктері өнімді қолданылып, бағдарды, шамамен айтылған уақытты, сан-мөлшерлік мағыналарды білдіреді.

Жуық, салым, бейим септеуліктері өздерінің тіркесіп келетін сөздерімен бірге уақыттық мағынаны білдіреді.

Дейин, шейин, шекем септеуліктері бір-бірімен синоним ретінде қолданылып, уақыттың аяқталу шегін, мөлшерді, бағдарды білдірсе, *қарсы* септеулігі қарсылық мағынаны, бет алыс бағдарды білдіреді.

Бола септеулігі себептік мағынада қолданылса, *қарағанда* септеулігі көбінесе салыстырулық, сындық мағыналарды білдіреді. *Қарамастан, қарамай* септеуліктері бағдарды, уақыттық, сындық мағыналарды білдіреді. *Сай, сәйкес* септеуліктері көбінесе сындық, кейде атрибутивтік мағынаны да білдіреді.

Табыс септігіндегі *жағалап, бойлап* септеуліктері табыс септігіндегі сөздермен бірге мекендік мағынада қолданылады.

Қарақалпақ тілінде **шығыс септігіндегі** сөздерді талап етіп, онымен бір мағыналық қатынаста жұмсалатын септеуліктер: *бери, берли, бермаған, бетер, баслап, бұрын, илгери, алдын, кейин, соң, гәри, бөтен, тыс, аслам, артық.*

Бери, берли, бермаған (берман) септеуліктері көбінесе басталу уақытын білдіреді.

Бетер септеулігі күшейтушілік мағынада қолданылса, *баслап, бұрын, илгери, алдын* септеуліктері уақыттық мағынаны білдіреді. *Кейин, соң* септеуліктері уақыттық, себептік мағыналарды білдіреді.

Басқа, өзге, бөтен септеуліктері негізінен ажыратушылық, сындық мағыналарды білдіреді. *Аслам, артық, зыят* септеуліктері сан-мөлшерлік және күшейтушілік мағыналарды білдіреді.

Қарақалпақ тіліндегі жалғаулықтар (дәнекерлер) да сөз бен сөздің, сөз таптарының, сондай-ақ, сөйлемнің бірыңғай мүшелерімен құрмалас сөйлемнің құрамындағы жай сөйлемдердің араларын байланыстыру үшін қолданылады. Жалғаулықтар басқа көмекші сөздер сияқты шығысы жағынан мағыналы сөздер болған. Олар қазіргі уақытты өзінің алғашқы лексикалық мағынасынан айрылып, бірыңғай мүшелермен құрмалас сөйлемдегі жай сөйлемдердің арасындағы әр түрлі грамматикалық қатынастарды білдіруші көмекші сөздердің қатарына өткен. Ал, кейбіреулер әліге дейін әрі мағыналы сөз сипатында әрі жалғаулық сипатында қолданылады.

Кейбір жалғаулықтар шығысы жағынан араб және парсы тілдерінен кірген: *хәм, я, яки, егер* (парсы тілінен), *лекин* (араб тілінен) т.б. Бірақ олар қазіргі қарақалпақ әдеби тілінде кейбір фонетикалық өзгерістерге ұшырап түпкілікті өз сөзіндей болып қалыптасқан және актив қолданылады.

Жалғаулықтар морфологиялық құрылысы жағынан үшке бөлінеді: 1) Дара дәнекерлер, 2) бириккен дәнекерлер хәм 3) құрамлы (составлы) дәнекерлер.

1. *Дара жалғаулықтар*, негізінен тек бір ғана сөзден немесе бір сыңар-дан (компоненттен) жасалады: *я, ямаса, болмаса, хәм, және, да (де, та, те), егер ал, лекин, гә, себеби, нәтийже т.б.*

2. Біріккен жалғаулықтарға бирақ (*бир+ақ*), өйткени(*олай+еткени*), бир-есе (*бир+есе*) т.б. синтетикалық жолмен жасалған жалғаулықтар кіреді.

3. Күрделі (*құрамлы*) жалғаулықтарға аналитикалық жолмен жасалған жалғаулықтар кіреді. Олар құрылысы жағынан ең кемі екі сөзден немесе екі сыңардан тұратын сөздерден түзіледі: *неге десең, сол себепли, сол ушын, соның ушын, соның арқасында, соның нәтижесінде, соның салдарынан т.б.*

Қарақалпақ тіліндегі жалғаулықтар да сөйлемдегі синтаксистік қызметіне қарай дизбеклеуші дәнекерлер (салаластырғыш жалғаулықтар) және бағындырыушы дәнекерлер (сабақтастырғыш жалғаулықтар) болып бөлінеді.

Салаластырғыш (дизбеклеуші) жалғаулықтар сөйлемнің бірыңғай мүшелерімен салалас құрмалас сөйлемдегі сыңарлардың араларын бір-бірімен тең дәрежеде байланыстырады және олардағы әр түрлі мағыналық қатынастарды білдіреді және төрт топқа бөлінеді: 1. Бириктириуші дәнекерлер; 2. Қарсылас дәнекерлер; 3. Аұыспалы дәнекерлер; 4. Гезеклес дәнекерлер.

Сабақтастырғыш (бағындырыушы) жалғаулықтар негізінен құрмалас сөйлемнің құрамындағы жай сөйлемдерді бір-біріне бағындыру жолымен байланыстырады және үш топқа бөлінеді: 1. Себеп дәнекерлері. 2. Нәтиже дәнекерлері. 3. Шәрт дәнекерлері.

Қорыта келе айтарымыз, қазақ тіліндегі септеуліктер атау, барыс, шығыс, көмектес септіктеріндегі сөздермен тіркесіп келсе, ал қарақалпақ тіліндегі септеуліктер атау, барыс, табыс, шығыс септіктеріндегі сөздермен тіркесіп келеді. Ал жалғаулықтар екі тілде де салаластырғыш және сабақтастырғыш жалғаулықтар болып бөлінеді. Дегенмен, олардың ішінара бөлінулері арасында айырмашылықтар бары сезіледі. Салаластырғыш жалғаулықтар қазақ тілінде екі топқа бөлінсе (ыңғайластық және талғаулы), ал қарақалпақ тілінде төрт топқа бөлінеді (бириктириуші, қарсылас, аұыспалы және гезеклес). Сабақтастырғыш жалғаулықтар қазақ тілінде бес түрге (қарсылықты, себептік, салдарлық, шартты, айқындағыш, ұштастырғыш) бөлінсе, ал қарақалпақ тілінде үшке (себеп, нәтиже және шәрт) бөлінеді.

Қорытынды

Біздің бұл жұмысымыздың мақсаты қазақ және қарақалпақ тілдеріндегі септеуліктер мен жалғаулықтардың түрлері мен қызметтері арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды айқындау болып табылады. Екі тілдегі септеуліктер мен жалғаулықтар бойынша бірнеше ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, төмендегідей қорытынды жасауға болады деп есептедік:

Екі тілде де септеулік шылаулар деп септік жалғауларының мағынасын ашатын, толықтыратын, түрлендіретін шылаудың түріне айтылады. Септеулік шылаулар белгілі септік тұлғадағы толық мағыналы сөздермен тіркесіп келіп, оған қосымша мән үстеп, екінші сөзбен сабақтастыра (бағындыра) байланыстырады. Септеулік шылаулар қазақ тілінде септеуліктер деп аталса, қарақалпақ тілінде тиркеуішлер деп аталады.

Септеулік шылаулар сөйлемде екі түрлі қызмет атқарады, *біріншісі*-түбір я белгілі септік (барыс, шығыс, көмектес) тұлғадағы зат есім, есімдік я заттанған сөздермен (сын есім, есімше, тұйық етістік т.б.) тіркесіп келіп, оларды екінші сөзге сабақтастыра байланыстырып барып, мезгілдік, мекендік, амалдық, себептік, мақсаттық қатынастағы сөз тіркесін тудырады. *Екіншісі*-септеулік шылаудың біразы бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы құрамында келеді де, сабақтас құрмаластың бағыныңқы сыңары мен басыңқы сөйлемді мезгілдік, мақсаттық, себептік қатынаста байланыстырып тұрады.

Әр септеулік шылаудың мағынасы белгілі септіктің мағынасына байланысты қалыптасқандықтан, септеулік шылаулар септіктерді таңдайды және септік тұлғалы сөзден басқа тұлғалы сөзбен тіркеспейді, қолданылмайды. Бұл септеулік шылаулардың септік категориясына қызмет ететінін, септік категориясымен тығыз байланысын дәлелдейді.

Қарақалпақ тілінде септеуліктер шығысы жағынан түпкиликли тиркеуішлер, атауыш тиркеуішлер және фейил тиркеуішлер болып бөлінсе, қазақ тілінде мұндай болып бөлінбеген.

Қазақ тіліндегі жалғаулықтар қарақалпақ тілінде дәнекерлер деп

аталады да, дербес лексикалық мағыналары дерексізденген, бірақ өздеріне тән ерекше семантикалық мағыналары мен абстракт грамматикалық қызметтері бар шылау сөздер болып есептеледі. Жалғаулықтардың мағыналары мен қызметтері де өмірмен байланысты алуан түрлі заттар мен құбылыстардың аралықтарындағы неше қилы қатынастардың негізінде туып қалыптасқан да, сол негізде сөйлеу тілінде жарыққа шығып, үнемі көрініп отырады.

Екі тілде де жалғаулықтар өзара тең бірыңғай сөздердің, бірыңғай сөз тіркестерінің және бірыңғай сөйлемдердің араларындағы әр қилы қатынастарды білдіреді.

Жалғаулықтар салалас құрмалас сөйлемдердің құрамдарындағы жай сөйлемдерді өзара байланыстырып, олардың арақатынастарын білдірудің қызметін атқарады. Жалғаулық шылаулар-дербес лексикалық мағыналы сөздерді, сөйлемдерді бір-бірімен байланыстырып, оларға түрлі грамматикалық мағына қосатын тілдік бірліктер.

Жалғаулықтардың қызметін, мағынасын зерттеп анықтау салалас сөйлемдердің структуралық-мағыналық типтерін толық тануға себеп болады.

Тақырыптың зерттелуіне келсек, қазақ тілінде шылаулар бойынша *А. Байтұрсынов, Н.Сауранбаев, С.Аманжолов, М.Балақаев, А. Ысқақов, Р.Әміров, Ф.Кенжебаева т.б.* еңбектерін атасақ, ал қарақалпақ тілінде *Н.А. Баскаковтың* еңбегі елеулі.

Жалпы морфологиялық талдауда шылаулардың атын атаумен ғана шектелсе, ал синтаксистік талдау барысында олар жеке алынбай, өзі қатысты сөздермен түйдекті түрде өзі қатысты сөздің синтаксистік қызметі мен байланысу формаларын айқындайды. Бір топ шылаулар сөйлемді тиянақтауға, бір шылаулар сөйлемнің аясын кеңейтуге қатысады.

Жалғаулықтар мағынасы жағынан топ-топқа бөлінеді де, әр топқа енген бірнеше жалғаулықтардың бәрі бірдей ерекшелігі жоқ сөздер болып шыға келеді.

Шылау ұғымы-атаулы сөздер білдіретін ұғымнан абстрактылылау, дерексіз, дегенмен, ол-адамның дүние тану, ойлау жұмысы негізінде туған ұғым.

Сонымен, тіліміздегі сөз қазынамызда бар біраз сөздер өзінің лексикалық мағынасынан гөрі грамматикалық мағынасынан басым болып сөз бен сөздің, сөйлем мен сөйлемнің арасындағы қатынасты білдіру және қосымша мағына үстеу үшін жұмсалады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Балақаев М. Қазіргі қазақ тілі. Алматы, 1954.
2. Баскаков Н.А. Очерк грамматики каракалпакского языка. «Каракалпакско-русский словарь» М., 1958.
3. Бектұров Ш. Қазақ тілі. Фонетика. Лексика. Грамматика. Алматы, 2007
4. Бердимуратов Е. Даўлетов А. Хәзирги қарақалпақ тили. Нөкис, 1979.
5. Виноградов В. О формах слова. Изд. АН СССР.отд.литературы и языка.
6. Иманалиева Ғ. Шылаулар синтаксисі туралы. Алматы, 1997.
7. Кононов А.Н. Грамматика современного узбекского литературного языка. Изд. АН.СССР. М.-Л., 1960.
8. Кеңесбаев І, Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі. Алматы, 1975.
9. Қалиұлы Ғ, Оралбаева Н, Төлегенов Ө. Қазіргі қазақ тілінің жаттығулар жинағы. Алматы, 1988.
10. Қадашева К. Сөйлем мүшелерінің жасалуындағы көмекші сөздер. Алматы, 1993.
11. Насыров Д. Қарақалпақ тилинде келбетлик фейил. Қарақалпақстан мәмлекетлик баспасы. Нөкис, 1964.
12. Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. Алматы, 2007.
13. Рақыш Ә. Қазақ лингвистикасы және лингводидактика мәселелері. Алматы, 2006.
14. Сайрамбаев Т. Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері. Алматы, 1991.
15. Хәзирги қарақалпақ әдебий тилинің грамматикасы. Нөкис, 1994.
16. Һәзирки заман уйғур тили. Морфология вә синтаксис. Алма-Ата, 1966.
17. Шоабдурахманов Ш. Ўзбек тилида ердамчи сўзлар. Тошкент, 1953.
18. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Алматы, 1991.

Мазмұны

1. Кіріспе_____	4
2. Тақырыптың зерттелуі_____	7
3. Қазақ тіліндегі шылаулар _____	11
4. Қарақалпақ тіліндегі көмекші сөздер_____	13
5. Екі тілдегі көмекші сөздер арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтар_____	14
6. Қазақ тіліндегі септеуліктер мен жалғаулықтар_____	16
7. Қарақалпақ тіліндегі септеуліктер мен жалғаулықтар_____	32
8. Екі тілдегі септеуліктер мен жалғаулықтар арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтар_____	54
9. Қорытынды_____	62
10. Әдебиеттер_____	65